

Әділетті Қазақстан

Адал бизнес
бюрократиялық
қысымға ұшырамайды.
Біздің барлық күш-
жігеріміз кәсіпкерлікті
ынталандыруға
және қорғауға
бағытталады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

КӨРМЕ



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

Қазақстандық бизнес-
делегация
Екатеринбургтегі ірі
көрмеге қатысты

2

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ



AI МОНЕТИЗАЦИЯ:

нейрондық желілер арқылы
табыс табудың 13 әдісі

5

МЕДИА ЖӘНЕ ТУРИЗМ



МАҚСАТЫМЫЗ – ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫН ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕ ДАМУ

12-13

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

20.07.2023

Түнде:



+21+33 °C
Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C
Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8, екпіні 13 м/с

21.07.2023

Түнде:



+21+23 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+30+32 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №86 (6379) 20 шілде, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ АШЫЛДЫ



SDN тізімінен шыққан Bereke Bank Swift жүйесіне қайта қосылды. Енді мемлекеттік Bereke Bank клиенттері B-Bank мобильді қосымшасында SWIFT халықаралық аударымдарын АҚШ долларымен және еуромен қайтадан жасай алады. Демек, халықаралық аударымдарда еш шектеу жоқ. Осылайша ВТБ-ны есептемесек, Қазақстанның банк секторы тұтас санкциядан шықты.

5

МИГРАЦИЯ

КОРЕЙ ТҮБЕГІ

онда 35 мыңнан астам қазақстандық тұрып жатыр...



Бұрынғы прокуратура қызметкері – қазір балықшы; бұрынғы банк қызметкері – қазір даяшы; бұрынғы сот орындаушысы – қазір бағбан... Оңтүстік Кореяға барып жұмыс істейтін қазақстандықтар арасында мұндай мысалдар өте көп. Корей түбегінен күнкөрістің қамын, жақсы жалақы іздеп кететіндер саны жыл сайын көбеймесе, азайған емес.

ҚЫСҚА...

- Көлік иелері өз автокөліктерін 5 жылға уақытша тіркей алады.
- Ақылы оқуға түсетіндер тамыздағы ҰБТ-ға қатыса алады.
- Грант конкурсына алты күнде 83 мың талапкер өтініш берді.
- Белгілі режиссер Талғат Теменовтың соғыс жайлы картинасының тизері жарияланды.
- Қазақстанның 6 облысында күн қатты ыстық болады.
- Сақтандыру ұйымдарының таза пайдасы 165%-ға артқан.
- Алматыда жасыл желектерді өңдеудің үшінші кезеңі жүріп жатыр.
- Алматы әкімдігі қала маңында 10 жаңа бағытты іске қосады.
- Мегаполисте 160 мың көшет отырғызылады.

www.almaty-akshamy.kz



6



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ СЕНАТ

Сенат депутаттары Әли Бектаев, Мұрат Қадырбек және Алишер Саталдиев Түркістан облысының Төле би ауданында болды. Сенаторлар аудан активімен кездесіп, бірқатар әлеуметтік маңызды нысандарды аралады.

Сенаторлар кездесу барысында Парламентте қабылданған заңдар туралы хабардар етті және құқықтық актілердің халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталғанын атап өтті. Депутаттар аудандардың жай-күйімен, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерімен, өңірлердің проблемаларымен және халықтың тыныс-тіршілігімен танысу мақсатында облыс аумағында кездесулер өткізіп жатқанын жеткізді.

Жергілікті тұрғындар өз кезегінде инфрақұрылым, білім беру және денсаулық сақтау салаларына қатысты бірқатар мәселелерді көтерді. Депутаттар көтерілген мәселелердің маңыздылығына тоқтала келіп, олардың кезең-кезеңімен шешілуіне ықпал ететінін айтты.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс депутаты Жарқынбек Амантайұлы Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевке Ақсу ферроқорытпа зауытының тозығы жеткен қазандығы туралы депутаттық сауал жолдаған болатын.

Депутат қыстың көзі қырауда Ақсу қаласының тұрғындары да жылусыз қалуы мүмкін деген қауіппен дабыл қағып, арнайы іс-шаралар қабылдау керектігін айтты. А.Сәтқалиев министрлік республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ретінде «Ақсу қаласындағы қалалық жылыту қазандығы» нысанын іске қосу жобасына 5,9 млрд теңге, оның ішінде іске қосу-баптау жұмыстарына 205 млн теңге бөлінгенін хабарлады.

— Жаңа жылыту қазандығында іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу барысында қазандықтың оттығына көмір құю жұмысында ұсақ фракцияны алып кету және жанбау сияқты бірқатар бұзушылық анықталды. Нәтижесінде ұсақ фракцияның қалдықтары күл шығару арналарында бітеліп қалды. Осы мәселені шешу шеңберінде мердігер ұйымдар жобалау құжаттамасында көзделмеген ұсақтау қондырғыларын монтаждады. Осыған байланысты тапсырыс беруші мердігер ұйымдардың атына анықталған ескертулерді жою және жобалық құжаттамаға сәйкес келтіру қажеттігі туралы хаттар жолдады. Жойылмаған жағдайда мәселе қолданыстағы заңнама шеңберінде шешілетіні ескертілген, — деді жауабында министр.

Сонымен қатар, А.Сәтқалиев 26 маусымда Мәжілістің Экология және табиғатты пайдалану мәселелері комитетінің төрағасы Е.Жанбыршин өткізген кеңестің қорытындысында жергілікті атқарушы органға мердігер ұйымдармен бірлесіп қазандықты пайдалануға беру бойынша жұмысты аяқтау туралы тапсырма берілгенін мәлімдеді.

■ ҮКІМЕТ

Үкімет тарапынан Маңғыстау атом энергетикалық кешенінің (МАЭК) сенімді әрі тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін жедел іс-шаралар қабылданып жатыр.

Маңғыстау облысы әкімдігінің сұранысы бойынша МАЭК-де жөндеу жұмыстарын жүргізуге ҚР Үкіметінің резервінен шамамен 4,9 млрд теңге сомасында қаржы бөлінді. Бұған қатысты Үкімет тиісті қаулы қабылдады.

«МАЭК» ЖШС ұсынған тізім негізінде қажетті қосалқы жабдықтар мен тораптарды (компоненттерді) сатып алуға қаржыландыру тетіктері қарастырылды. Апаттық жағдайдағы құрамдас бөліктерді ауыстыру электр стансаларының генерациялаушы жабдықтарын тоқтату және тұтынушылар үшін шектеулер енгізу тәуекелдерін барынша азайта отырып, жабдықтың техникалық жай-күйі мен жұмысқа қабілеттілігін сақтауға және жұмыс кезінде олардың сенімділігі мен қауіпсіздігін бақылауға мүмкіндік береді.

Еске сала кетейік, МАЭК пен АМӨЗ-де орын алған апаттардың себептерін тексеру жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмысының қорытындысына сәйкес энергия кәсіпорындарының жұмысындағы жүйелік кемшіліктер анықталған болатын. Келешекте мұндай дағдарыстық жағдайлардың алдын алу үшін Үкімет бірқатар шұғыл әрі жүйелі іс-шараларды қолға алмақ. Олардың қатарында «МАЭК» ЖШС-ін жаңғырту және күрделі жөндеу, батыс энергетика аймағын нығайту, АМӨЗ-ді сыртқы электр қуатымен тұрақты қамтамасыз ету және онда өзінің жеке энергия көзін салу, батыс аймақты Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен байланыстыру және т.б. бар.

■ ӘЛЕУМЕТ

Отбасының цифрлық картасын енгізудің нәтижесінде биылғы 1 қаңтардан бастап 453,4 мыңнан астам адамға мемлекеттік қызметтерді проактивті көрсету үшін SMS-хабарлама жолданды. Бұл ретте өтініш берусіз жәрдемақы немесе төлем алу мүмкіндігін 180,3 мыңнан астам адам пайдаланды.


Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады. Сонымен қатар, 64 мыңнан астам жұмыссыз азамат жұмыс іздеу мүмкіндіктері туралы, тегін оқудан өту және жұмыспен қамту саласындағы басқа да мемлекеттік қолдау іс-шаралары туралы ақпарат алды.

Отбасының цифрлық картасы мемлекеттік органдардың қолданыстағы барлық ақпараттық жүйелерінің деректері негізінде қалыптастырылады. Бүгінгі күні онда Қазақстанның 19,7 млн-нан астам азаматы немесе 6 млн-нан астам отбасы туралы ақпарат жинақталған.

ОЦК-ын енгізудің басты мақсаты — қазақстандықтардың мемлекеттік қолдау жүйесіне тең қолжетімділігін қамтамасыз ету. Осыған байланысты ҚР Әлеуметтік кодексінде Отбасының цифрлық картасы әлеуметтік саясаттың орта және ұзақ мерзімді міндеттері мен бағыттарын айқындау құралы ретінде белгіленген. Сондай-ақ, ОЦК азаматтардың әлеуметтік мәртебесіне байланысты кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуға құқықтары туралы күнделікті «электрондық хабарлама» болып табылады.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



ПРЕЗИДЕНТ ТАҚ МҰРАГЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Кувейттің тақ мұрагері шейх Мешаль әл-Ахмед әл-Джабер ас-Сабахпен кездесті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия+Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесінің» бірінші саммиті аясында Кувейт Мемлекетінің тақ мұрагері шейх Мешаль әл-Ахмед әл-Джабер ас-Сабахпен кездесу өткізді.

Кездесу барысында сауда-экономика және инвестиция салаларындағы қазақ-кувейт ынтымақтастығының даму перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы Кувейтпен байланысты нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша,

Қазақстан екі ел арасындағы қарым-қатынасты одан әрі дамытуға мүдделі және барлық басым бағыт бойынша өзара іс-әрекетке тың серпін беруге дайын.

Тақ мұрагері шейх Мешаль әл-Ахмед әл-Джабер ас-Сабах Астана мен Өл-Кувейт арасындағы достық және өзара тиімді қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға дайын екенін атап өтіп, сауда-экономикалық, инвестициялық, туристік салалардағы ынтымақтастықты дамыту үшін зор әлеует бар екенін жеткізді.

Осының алдында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев-

тың Сауд Арабиясы Корольдігіне жұмыс сапары Исламда екінші қасиетті орын саналатын Медина қаласындағы Мұхаммед пайғамбар мешітіне барудан басталған болатын.

Президент Мұхаммед пайғамбардың қабіріне зиярат етіп, дұға жасады. Қазақстан Президентінің келуіне орай оған ерекше құрмет ретінде Пайғамбар жерленген киелі орынның есігі ашылды.

Келесі күні Қасым-Жомарт Тоқаев Жидда қаласында өткен «Орталық Азия+Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі» атты мемлекеттер басшыларының бірінші саммитіне қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КӨРМЕ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

Қазақстандық бизнес-делегация Екатеринбургтегі ірі көрмеге қатысты



ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев бастаған қазақстандық бизнес-делегация 10–13 шілде күндері өткен Екатеринбург қаласында «Екатеринбург – ЭКСПО» көрме орталығында РФ индустрияландыру саласындағы басты өнеркәсіптік көрме – «ИННОПРОМ–2023 «Тұрақты өндіріс: жаңарту стратегиялары» ХІІІ Халықаралық өнеркәсіптік көрмесіне қатысты.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Әлемнің 35 елінен өкілдер қатысқан ең ірі халықаралық көрмеде Ресейдің, Қазақстанның және басқа да шетелдердің сауда-өнеркәсіптік және инвестициялық әлеуеті, сондай-ақ цифрлық өндіріс, металл өңдеу, көлік машина жасау, қалаларға арналған технологиялар, өнеркәсіптік ақпараттық технологиялар, энергетикаға арналған технологиялар, жаңа материалдар, компоненттер өндірісі, медициналық техникалар және оңалтуға арналған жабдықтар, автоматтандыру

және роботтехника сияқты, салалардағы аса маңызды жобалар ұсынылатын ауқымды экспозициялар ұсынылды. Іс-шараға биыл Беларусь Республикасы серіктес елі болды.

ҚР ИИДМ басшысы «Өнеркәсіптік кооперация: Ресей – Қазақстан» панельдік сессиясында сөйлеген сөзінде өнеркәсіптік әріптестікті дамыту үшін тиімді алаңға айналған ИННОПРОМ көрмесінің маңыздылығын атап өтті.

Іскерлік басқосуда «Ресей – Қазақстан» бірлескен жобаларын жүзеге асыруға бағытталған әріптестікті кеңейту аясында

Алматының «Almaty Business Development Company» бизнесті дамыту жөніндегі компаниясының басшылығы 30-дан астам ресейлік компаниялармен келіссөздер жүргізді. «Алатау» ИТП арнайы экономикалық аймағы мен Алматы қаласының индустриялық аймағы аумағында жаңа өндірістерді негіздей отырып, өнеркәсіптік кооперация құру мәселелері көтерілді.

Қазақстан Орта Орал үшін ең маңызды сыртқы сауда серіктестерінің бірі болып табылады, тауар айналымы бойынша біздің республика Қытайдан кейін екінші орында тұр. Орал жеріндегі ИННОПРОМ-FA қатысу тараптардың ынтымақтастығы мен іскерлік байланыстарын ынталандырады және нығайтады.

Көрменің басты мақсаты — өндірістік кооперацияны дамыту. Айта кетсек, Екатеринбургтегі көрме осымен 13-ші рет ұйымдастырылып отыр. Осы уақыт аралығында мыңдаған қазақстандық және ресейлік өндірушілер бірігіп, өзара байланыс орнатып, өнеркәсіп секторында жаңа жобаларды іске асырып үлгерді.

Айта кетейік, Халықаралық өнеркәсіптік көрме — бұл өңірдегі бірлескен жобаларды іске асыруға, әріптестікті нығайтуға, өнеркәсіпті дамытудың өзекті бағыттарын ашуға, сондай-ақ қолда бар іскерлік байланыстарды нығайтуға және дамытуға бағытталған сауда-өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі іс-шарасы болып табылады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, биыл көрмеге 40 мыңнан астам адам қатысып, бағдарлама аясында 100-ден астам іс-шара өткізілген.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ҚУРАҒАН АҒАШТАР

Алматыда 16 мың ағаш кесіліп, 160 мың көшет отырғызылады



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Экология және қоршаған орта басқармасы мен ғылыми-зерттеу институтының мамандары, сондай-ақ экобелсенділер апатты жағдайда тұрған ағаштарды кесуге байланысты баспасөз турына қатысып, тілшілерге мәселенің мән-жайын мәлім етті. Баспасөз туры кезінде аудандық әкімдік өкілдері ағаштарды санитарлық талапқа сай кесу, сол секілді жасыл желекті суару жүйесі жайында айтты.



Айнабай МӘДИ

Жібек жолы мен Қалдаяқов көшелерінің қиылысында таңғы тоғыздан бастап тыным жоқ. Сағат оннан бастап эскалаторлы арнайы автокөліктер, білек сыбана іске әзірленген жұмыскерлер апатты халдегі, сондай-ақ қураған ағаштарды кесуге кірісті. Қаламыздың салалық қызмет мамандары сырты жасыл болса да, өзегі шіріген апатты ағаштарды кесуді кейбір қала тұрғындарының әлі түсінбей жатқанын айтты.

Бұл жөнінде Экология және қоршаған орта басқармасы жасыл қорды басқару және мониторинг бөлімінің басшысы Нұрлан Құттыбаев баспасөз турында айтты. 2022 жылы қалада апатты ағаштарды кесудің бес жылдық жоспары бекітілді. Жоспарға сай, былтыр магистральдық жолдар бойында, саябақ аймақтары мен аула ішіндегі аумақтарында 6 мың апатты ағаш кесіліп, кесілген ағаштардың орнына 68 мың көшет отырғызылды.

«Биыл басқарма 16 925 мың дана апатты ағашты кесуді жоспарлады. Кесілген ағаштардың орнына 169 250 мың көшет

отырғызуды жоспарлап отыр», – деді басқарманың жасыл қорды басқару және мониторинг бөлімінің басшысы Н.Құттыбаев.

Кестеге сәйкес, жалпы пайдаланымдағы жерлердегі апатты ағаштарды кесу жұмысы басталды. 33 бригада тартылған, барлығы 180-нен астам адам жұмыс істейді. Жұмыс басталар алдында жақын маңдағы үйлердің тұрғындары құлағдар болды. Жол бойы ескерту белгілері орнатылып, барлық қауіпсіздік шарасы сақталды. Бұл іске Ж.Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ҒЗИ ғылыми қызметкерлері де тартылды. Апатты ағаштарды кеспес бұрын экологиялық тұрғыда нақтылау үшін Ботаника және фитопатология институтының мамандары мен экобелсенділер шақырылып, әлгі ағаштар мұқият тексерілді.

«Ағаштың сау немесе апатты жағдайда екенін көзбен көріп анықтау әрқашан мүмкін емес. Сондықтан ағаштың өзегінде, не тамырында шіріктің болуын анықтауға мүмкіндік беретін арнайы құрылғы-бұрғы бар. Қалалардағы жасыл кеңістіктің жасы табиғатқа қарағанда төмен. Өйткені, қалада ағаштар ауыр металдарды сіңіріп, түрлі механикалық зақымға ұшырайды. Қатты

жел мен ауа райының қолайсыздығы кезінде ауру ағаштар құлап, ғимаратқа, құрылысқа зиян келтіреді. Сонымен бірге, адам шығынына да әкелуі әбден мүмкін», – деді Ж.Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ҒЗИ биологиялық қорғау бөлімінің меңгерушісі Нұржан Мұхамдиев.

Бұған қоса, әр ауданда қоғам қайраткерлері мен жасыл желекке бей-жай қарамайтын азаматтардан «Жасыл комиссиясы» құрылған. Алмалы ауданы бойынша «Жасыл комиссияның» басшысы Омар Нұрхайдоров ұйым басқарма тарапынан ағаш кесуге және аудан әкімдігі тарапынан бұтақты санитарлық талапқа сай кесуге қоғамдық бақылауды жүзеге асыратынын хабарлады.

«Өздеріңіз білесіздер, қазір қалада қураған және апатты ағаштарды кесу жүруде. Экобелсенділер экология басқармасының қызметкерлерімен бірге көше мен аулаларды аралап, құлаған апатты ағаштарды тізімдейді. Біздің тізімдегі ағаштардың дені қураған, кейде ерекше жәйттер кезігеді. Мәселен, сырты жасыл ағаштың іші, яки өзегі шіріген жәйт кездесіп отыр», – деген экобелсенді, мысал ретінде, сырты жасыл, бірақ түп жағы қуыс, шіріген өзекті

қарағашты көрсетті. Ағаш балалар ойын алаңының жанында өсіп тұрды.

«Мұндай ағаш қауіп төндіреді, біз оны кесу туралы шешім қабылдадық. Біздің аудандағы апатты, бірақ жасыл ағаштар әрқашан жасыл комиссия мамандары мен мүшелері талқылағаннан кейін, әрі олардың келісімінен соң кесіледі. Бұл аудан әкімдігі мен экология басқармасының қоғамдық бақылауы үшін ашықтық пен қолжетімділікке деген талпынысын көрсетеді», – деді экобелсенді Омар Нұрхайдоров.

Экобелсендінің айтуынша, Алмалы ауданында барлығы 2200 ағаш кесу жоспарланған. Оның: «Біз жасыл желектерді арнайы барып көріп, өзіміз зерделейміз. Қажет болған жағдайда ҚазҒЗИ қызметкерлерін тартамыз» деуі жаны бар сөз.

Алматыда 16 мың апатты ағаштың орнына 160 мың көшет отырғызылмақ. Демек, бір ескі ағаштың орнына 10 жаңасы отырғызылатын болады. Алматыда 84 мыңнан астам апатты ағаш бар. Қалалық экология және қоршаған орта басқармасының мониторинг бөлімінің басшысы айтқандай, ағаштарды тізімдеу 2019 жүргізілген. Тізімдеу қорытындысымен кесілуге тиіс апатты ағаштың бәрі анықталыпты.

ДЕЗИНФЕКЦИЯ

ШАҺАР КӨРКІ – ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

Алматыда жасыл желектерді өңдеудің үшінші кезеңі жүріп жатыр



Алып шаһардың көркі – жасыл желек. Алайда, оларды уақытылы қарамасаң, зиянкестер жапыраққа жұмыртқалап, тұқымын көбейтіп жіберуі мүмкін. Егер дер кезінде емдемесе, шыбын-шіркейдің саны өсіп, өсімдік індетіне әкеледі.



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ағаштарды дәрілеу жұмыстары күзге дейін жалғасады және Алматының барлық жерінде жүргізіледі. Эколог-мамандардың айтуынша, 8 ауданда 8 мердігер бар. Олар жасыл желектерді түнгі уақытта ғана дезинфекциялайды. Бүгінде сәуірден маусымға дейін өңдеудің алғашқы екі кезеңі өтті.

– Бұған сертификатталған биологиялық және кей кезде қауіптілігі төмен хи-

миялық препараттар қолданылады. Оларды қолдануға рұқсат берілген, адамдарға, құстар мен жануарларға зияны жоқ, – дейді мамандар.

Ауа райы қолайлы әрі жауын-шашын болмаса, үшінші кезең 10 тамызда аяқталады. Бұл маусымдағы соңғы – төртінші кезең 20 тамыз бен 20 қыркүйек аралығында өтеді.

Үшінші кезең аясында жасыл желекті сақтап, олардың зиянкестерге төзімділігін арттыру үшін 2,3 млн.-нан астам ағаш биологиялық өңдеуден өтеді.

ЭКОЛОГИЯ



ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

100 пайыз үстемақы алады

Еліміздің табиғатты қорғау мекемелері қызметкерлерінің жалақысына 100 пайыз үстемақы қосылды.

ҚР Үкіметі Мемлекет басшысының аталған салада еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында тиісті қаулы қабылдады, – деп хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі.

Құжатта адам өмірі мен денсаулығына

қауіп төндіретін жұмыс үшін қосымша ақы белгілеу көзделген. Еңбек жағдайы ерекше құрылымдардың қатарына жануарлар дүниесін қорғау, орманды қорғау және қалпына келтіру, мемлекеттік орман қорғау, т.б. мамандандырылған ұйымдар жатады.

«Енді қызметкерлердің орташа жалақысы атқаратын қызметі мен жұмыс өтіліне байланысты 101 мыңнан 320 мың теңгеге дейін ұлғаяды», делінген хабарламада.

А.ТЕНІЗБАЕВ.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН
Алматы әкімдігі қала маңына жүретін
10 жаңа бағытты іске қосады

Көлік қолжетімділігін жақсарту және қала маңындағы аймақтың тұрғындарын қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету үшін Алматы қаласының әкімдігі биыл қала маңындағы 10 жаңа маршрутты іске қосуды жоспарлап отыр. Олар қала шегінен 50 км радиуста орналасқан Алматы облысының Талғар, Іле, Қарасай және Жамбыл аудандарындағы бірқатар елдімекенді қамтиды.

Маршруттар Жетісу базары – Дәулет кенті, «Алматы-1» теміржол вокзалы – Туғанбай кенті, Нұра, «Алматы-2» теміржол вокзалы – Тұздыбастау кентіндегі «Сұлтан» кешені, «Райымбек батыр» метро бекеті – Еламан кенті, «Саяхат» автовокзалы – Қарой кенті, «Сәлем» базары солтүстік айналма – Исаев кенті,

«Адем» сауда үйі – Батыр кенті бағыттары бойынша жүреді. Сонымен бірге, Төле би–Ясауи көшелерінің қиылысындағы бұрылыстан Қарғалы, Шамалған және Мыңбаев елдімекендері бағытында бірнеше маршрут ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, биыл №9 жаңа қалалық маршрут ашылып, енді №97 және №89 екі жаңа маршруттың ашылуы жоспарланған.

Жаңа маршруттар әлеуметтік маңызы бар қатынастарға және халық үшін қоғамдық көлікте жол жүрудің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында субсидиялауға жатады.

Айта кетейік, «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасына және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаға» сәйкес, 2024 жылдың соңына дейін Алматы қаласының әкімдігі қала маңындағы 30 жаңа маршрутты ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Қазіргі таңда қалалық Мобильділік басқармасы маршруттарды бекіту және оларды әлеуметтік маңызы бар маршруттар тізіліміне енгізу туралы қаулы жобасын әзірледі. Құжатпен www.legalacts.kz ашық нормативтік-құқықтық актілер порталында танысуға болады. Тасымалдаушыны және осы бағыттарды іске қосу мерзімін айқындауға арналған байқау қала мәслихаты құжатты бекіткеннен кейін өткізіледі.

ЭКОЛОГИЯ



САЙРАН КӨЛІ

қалай абаттандырылады?

Аптап ыстықта алматылықтар үшін бір сәт бой жазып, сергіп алатын орынның бірі – қала ішіндегі Сайран көлі. Жасанды көлдің жағасы жазда демалуға жақсы.

Қала тұрғындарына қолайлы демалыс орнына айналдыру мақсатында биыл Сайран көлінің жағалауына абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Бұл туралы қала әкімдігінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

«Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасы Сайран су қоймасының маңын абаттандыру жобасын жүзеге асыруды қолға алды. Жоба әзірленді, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Жобаны биыл бастау жоспарланып отыр, – деп атап өтті әкімдіктен. Әкімдік мәліметінше, жобалау жұмыстары басталмас бұрын бұл мәселе аудан тұрғындарымен кеңінен талқыланды.

Жобаны құжаттамаға сәйкес жүзеге асыру екі жылға жоспарланған. Негізгі міндет – Сайран су қоймасына іргелес аумақта жағажай, белсенді

демалыс аймақтарын, жаяу жүргіншілер және спорттық инфрақұрылымы бар заманауи қоғамдық кеңістік құру.

Жоба бойынша Варламов пен Садовников көшелерін қоспағанда, саябақта автокөліктердің қозғалысына тыйым салынады. Жағалауда арнайы жабдықталған жағажай аймақтары болады. Оның әрқайсысында 2500 шаршы метрден астам спорт пен белсенді ойындарға арналған алаңдар қарастырылған.

Солтүстік бөліктен понтондық өткел екі жағалауды – мұнара су төгетін судың алдындағы шығыс пен батысты байланыстырады. Енді демалушыларға саябақ аумағын тастап, басқа жакқа өту үшін жол бойындағы тар шулы тротуарға барудың қажеті жоқ.

Көлдің оңтүстік жағындағы, Абай даңғылына жакын орналасқан көпірді айналып өту өзгеріссіз қалды. Алайда, судың жанында ыңғайлы серуендеу үшін оңтүстік понтон өткелі көлдің жоғарғы бөлігіндегі екі жағалауды байланыстырады.

Су қоймасының айналасында біртұтас саябақ алаңын құру, саябақ аумағын шу мен қаланың көлік көп жүретін тасжолының газбен ластануынан қорғау үшін Төле би даңғылының жағынан орман массиві жасалады. Көл көріністері батыс және шығыс кіреберістерде және мұнара су төгетін жерде оның бар көрінісі балкон құрылымымен ашық қалады.

Айта кетейік, биыл алғаш рет Сайран көлінің түбі шөгінділерден тазартылды. Мамандардың айтуынша, мұндай ауқымды механикалық тазалау жұмысы соңғы 50 жылда алғаш рет жүргізілген.

■ КЕРЕК ДЕРЕК

Сайран көлі – 1971 жылы селден қорғану мақсатында салынған жасанды су қоймасы.

БРИФИНГ

МАҚСАТ – ЖОЛ САПАСЫН
ЖАҚСARTY

«Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» Алматы мен Алматы облысындағы жұмыстарын қорытындылады

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен Баспасөз мәслихатында орталықтың жартыжылдық жұмысының жиынтық нәтижелері ұсынылды.



Мамандардың айтуынша, соңғы алты айда орталық қаладағы жол жабындарының сапасын бағалау және бақылаумен белсенді айналысқан.

– Ағымдағы жылы Алматы қаласы бойынша филиалды қаржыландыру 150 млн теңгені құрады. Осы жылдан бастап қосымша 90 млн теңгеге ведомстволық сараптама бойынша шарт жасалды. Маусым айында Медеу, Бостандық, Жетісу, Наурызбай және Түркісіб аудандарымен жалпы сомасы 17 млн теңгеге шарттар жасалды, – деп хабарлады ЖАСҰО Алматы филиалының директоры Асхат Үсенов брифингте.

ЖАСҰО мамандары 98 рет жол учаскелерін аралап тексеру жүргізді, нәтижесінде асфальтбетон қоспасын төсеу технологиясының 46 рет бұзылу жағдайы анықталды, асфальтбетон жабынының қалыңдығы жеткіліксіз, қоспаның негізі дайындалмаған, негізді тегістеу және басқа да жұмыстар дұрыс жүргізілмеген.

Сондай ақ, басқа да олқылықтар мен ақаулар анықталды: құрылыста 19 бұзушылық анықталды, оның ішінде 16-сы жойылды, мердігер ұйымның жұмысында – 4; орташа жөндеу бойынша – 17, оның 13-і жойылды, мердігерлік ұйымның жұмысында 4; ағымдағы жөндеу бойынша, жойылған жоқ; кепілдік

тексерулер бойынша – 7, оның ішінде мердігерлік ұйымның жұмысында – 7.

«Жыл басынан бері 14 нысан құрылыспен қамтылды, олар бойынша 41 сынама алынды, оның 26-сы ҚР Ұлттық стандарттарының талаптарына сәйкес келмейді, сондай-ақ «Бұқтырма көшесі мен Құлжа трактісі қиылысындағы жолайырығы» объектісінде мердігер ұйымдардың өз қаражаты есебінен №4 және №7 сьездің жол жабыны қайта төселді. Ведомстволық сараптаманың жүргізілуіне және орташа жөндеудің кеш басталуына байланысты 25 объектінің 8-і орташа жөндеумен қамтылды. Орташа жөндеу 26 сынама алынды, оның 9-ы ҚР СТ талаптарына сәйкес келмейді және ол жайында Тапсырыс берушіге және Мердігер ұйымдарға хабарламалар жіберілді. Ағымдағы жөндеу бойынша 64 сынама алынды, оның 31-і ҚР СТ талаптарына сәйкес келмейді. Тапсырыс берушіге және мердігер ұйымдарға хабарламалар жіберілді», – деді ол.

Алматы облысы бойынша Жол активтері сапасының ұлттық орталығының зертхана меңгерушісі Айдын Әшірбеков облыста жарты жыл ішінде 792 жол-құрылыс материалдарының сынамасы сыналғанын, оның 273-і (34%) стандарт

талаптарына сәйкес келмейтінін атап өтті. Республикалық маңызы бар жолдар бойынша 365 сынама, ал облыстық, аудандық және ауылдық жолдар бойынша – 340 сынама алынды.

«Біздің филиалда диагностикалық жұмыс жүргізіп жатырмыз. Автомобиль жолдарын диагностикалаудың негізгі мақсаты ағымдағы жай-күйлер, параметрлердің сәйкестігі және пайдалану жағдайындағы талаптарға сипаттамалары туралы объективті ақпарат алу болып табылады. Негізгі міндеттер – жол құрылысын тексеру, бағалау, көлікті пайдалану және базаны қалыптастыру. Өткен жылы диагностикамен 1619 км жол тексерілді, биыл 699 шақырымға бақылау жасалады. Яғни жыл соңына дейін біз өткен жылғы көрсеткіштен асамыз. Ведомстволық сараптама өткен жылға дейін республикалық және облыстық маңызы бар жолдар бойынша верификация жүргізіп және қорытынды берді, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 337-і бұйрығына сәйкес биылдан бастап жергілікті атқарушы органдар бойынша да ведомстволық сараптама жүргізілетін болады», – деп толықтырды ол.

Алматы облысы бойынша филиалдың деректеріне сәйкес жыл басынан бері республикалық желі бойынша барлығы 238 нысан, жергілікті жолдар бойынша (облыстық, қалалық, аудандық) 146 нысан зерттелді. Аталған нысандар бойынша ақаулар анықталды. Мәселен, республикалық желі бойынша 305 ақау анықталды, оның 201-і жойылды (66%), жұмыста – 104 (34%). Жергілікті жолдарда 36 ақау анықталды. Тапсырыс берушіге ақауларды жою туралы ескерту мен тиісті хаттар жолданды.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



Әл-Фараби даңғылымен Есентай өзенінен өтетін көпірді қайта жаңғырту жұмыстарының бірінші кезеңі аяқталды. Бүгінде 9 қатардағы 27 діңгек бөлшектеді. Келесі кезеңде, яғни 7 тамызға дейін – 33 діңгек, ал 30 тамызға дейін – тағы 36-сы бөлшектеледі.

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ –
БАСТЫ НАЗАРДА

Реконструкциялау жұмыстарының бірінші кезеңі аяқталды

Көпірді қайта жөндеуден өткізіп жатқан «Қапшағай көпір құрылысы компаниясы» ЖШС басшысы Родион Теннің айтуынша, мұндай құрылыс-монтаж жұмыстары үшін әдетте 9 ай қажет.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша кептеліс болдырмау және қала тұрғындарына қолайсыздықты азайту үшін жұмыс жедел қарқынмен аяқталады. Ол үшін күндіз де, түнде де бірнеше құрылыс бригадасы жұмыс істейді.

– Әрине, көпірді толығымен жауып, оны бірден толықтай қалпына келтірсек, бізге оңай болар еді. Бірақ бәрі Алматының ірі мегаполис екенін түсінеді. Ал әл-Фараби – қала тұрғындары күн сайын жұмысқа баратын және басқа да шаруамен жүретін қарбалас даңғыл. Сондықтан көпір ішінара жабылады, кері қозғалыс енгізіледі, – дейді ол.

Родион Тен бұл құрылым шамамен 70-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың басында салынғанын және ешқашан жөндемегенін атап өтті. Әр жылдары жолдарды жөндеу кезінде көпірге асфальттың барлық жаңа қабаты төселді. Нәтижесінде асфальтбетонның қалыңдығы 16 см-ге жетті. Артық қабаттар аралық құрылымдарға қосымша жүктеме

түсіріп, құрылымның жүк көтергіштігін төмендетеді.

– Егер сіз көпірдің астына түссеңіз, тірек конструкциялары мен бетондардың қабыршақтанғанын, шұңқырларды, сонымен қатар, арматураның ашылуымен аралықтардың қорғаныс қабатының бұзылғанын көресіз. Ақаулар негізінде көпірдің жалпы жағдайы «қанағаттанарлықсыз» және «өте ауыр» деп бағаланады, яғни іс жүзінде апат алдындағы жағдай. Егер әкімдік көпірді толық қайта құру жөнінде шешім қабылдаса, қауіпті болар еді, – дейді құрылыс компаниясының басшысы.

Айтуынша, осы реконструкция аясында көпір тек нығайтылып қана қоймай, 8 жолаққа дейін кеңейтіліп, жол төсемінің деңгейіне сәйкес 40 см көтеріледі.

Ал жаяу жүргіншілер көпірлері екі жакта бөлек тұрғызылады.

– Балалар, велосипедшілер және мүмкіндігі шектеулі адамдарды, арбаларды көтеруге және түсіруге ыңғайлы болу үшін пандустар салынады. Көпірдің астындағы өткел де кеңейтіліп, жөнделеді, – деп қорытындылады құрылыс компаниясының директоры.

Естеріңізге сала кетейік, Есентай өзені арқылы өтетін көпір 1 қыркүйекте пайдалануға беріледі.


Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

AI МОНЕТИЗАЦИЯ:

нейрондық желілер арқылы табыс табудың 13 әдісі



Нейрондық желілер арқылы айына 2-3 млн теңге табыс табу мүмкіндігі бар. Бұл пікірді жасанды интеллект (AI) технологияларына негізделген жобаны жасаушы PostCheetah Марк Гадала-Мария бөлісті. Ол бұл туралы өзінің Twitter-дегі парақшасында жазды. Танымал маман ЖИ арқылы айына 10 мың АҚШ долларын табасыздар деген пікірде, біз оны сәл азайтып, 2-3 млн теңге деп жорамалдап отырмыз.

Марк Гадала-Мария ChatGPT чатботы сияқты AI негізіндегі бағдарламалар интернетте ақша табудың ең оңай жолы деп санайды. Оларды монетизациялау нұсқаларының арасында әзірлеуші 13 схеманы ұсынады:

1. КІТАП ЖАЗУ

Журналдар, нұсқаулықтар, кітаптар жасау үшін Midjourney және ChatGPT нейрондық желілерін пайдалану абзал, содан кейін оларды Amazon.com электрондық кітап платформасы Kindle Direct Publishing (KDP) сайтында жариялау арқылы монетизациялау ұсынылады. Мен өзім дәл осы жолды басып өттім. Екі кітап жаздым. Бірі – фантастикалық кітап, екіншісі – балаларға арналған қиял-ғажайып ертегісі. Бірінші кітабым қазіргі сәтте Амазон платформасында сатылымда тұр.

2. ЦИФРЛЫ АГЕНТТІК ҚҰРУ

Қазір әлеуметтік желі арқылы қызметіңізді сата аласыз. Мысалы, нейрондық желілер логотиптерді сызып, тіпті әлеуметтік желілерді іске қоса алады.

3. БАҒДАРЛАМАЛАУ

Нейрондық желілер кодты өздігінен жаза алады. Сіз мұндай тапсырыстарды фрилансерлерге арналған сайттардан таба аласыз. Ол жақта жақсы төлейді.

4. КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

Ақпаратты жылдам жинау және талдау мүмкіндігі ней-

рондық желілерді пайдаланып құнды кеңестер беруге мүмкіндік береді. Түрлі салалардағы кеңес беру қызметтері - IT-ден бастап, заң, web3-ке дейін, қазір меніңше әр саладағы эксперттерді адамдар іздеп жүреді.

5. SAAS ҚОСЫМША ЖАСАУ

Автор SaaS қосымшаларын (қызмет ретіндегі қызмет) жасау арқылы нейрондық желілерде ақша табуды ұсынады. Мысалы, AI әртүрлі twitter аккаунттарының қатысуын бағалау үшін бағдарлама жаза алады.

6. АУДИТОРИЯНЫ МОНЕТИЗАЦИЯЛАУ

ЖИ аудиторияны қалыптастырып, одан кейін ақша тапқысы келетіндерге немесе табыс табу мүмкіндіктерін арттыру үшін қауымдастықты кеңейтуді қалайтындар үшін қолайлы. Нейрондық желілерді жаңа пайдаланушыларды тартатын жазбаларға мазмұн жоспарын жасау үшін пайдалануға болады.

7. АҚЫЛЫ КУРСТАР ЖАСАУ

Нейрондық желінің көмегімен сіз белгілі бір адамдар тобына керекті курстың толық методологиясын жасап, кейін оны сату үшін оқу материалдарын жасай аласыз.

8. ТАУАРЛАРДЫ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ САТУ

Тауар сататын кісілер өз тауарларына арнап бірегей дизайнды жасай алады. Мысалы, белгілі бір қаланың атын, ортақ ұрандарды ЖИ арқылы жобалап, футболкаларға басып шығаруға және оларды сатудан ақша табуға болады.

9. ВЕБ-ДИЗАЙН

Нейрондық желілердің көмегімен сіз веб-сайттар мен әртүрлі платформалар үшін бірегей дизайн жасай аласыз. Жасанды интеллект арқылы қалыптасқан идеяларды сату оңай. Midjourney, ChatGPT және Durable мұндай жұмысқа жарап тұр.

10. YOUTUBE-ҚА ВИДЕО ЖАСАУ

Нейрондық желілерде ақша табу үшін сіз белгілі аудитория үшін ықтимал қызықты саланы табуыңыз керек. Содан

кейін ChatGPT арқылы видеоға сценарий жазу керек. Видеоның өзін жасауға Pictory ұсынылады.

11. AI АРҚЫЛЫ АРТ ЖАСАУ

Нейрондық желі арқылы жасалған кескіндерді, мысалы, NFT жасап немесе оны Etsy сияқты платформалар арқылы сатуға болады.

12. КОПИРАЙТИНГ

Сатуға арналған (тауарға) SEO мазмұнын жасау үшін ChatGPT және PostCheetah сияқты нейрондық желілерді пайдалануға болады. Мәтіндерден ақша табуға көмектесетін платформаның мысалы ретінде Writers Access-ке назар аударып көріңіз.

13. МУЗЫКА

Нарықта музыка жаза алатын нейрондық желілер бар. Мұндай жобаның бірі – Boomy. Оның көмегімен сіз тыңдаудан пайда табу үшін бірегей тректерді жасай аласыз, содан кейін оларды Spotify және Apple Music сияқты платформаларға жүктеуі аласыз.

P.S. Жалпы, жұмыс істеймін деген кісіге тақырып көп. Осылардың әрқайсысының артында миллиондар айналып жатыр. Айтпақшы, менің кітабым Амазонға наурызда шыққан, екінші кітапты енді қоямын. Мәтінін жаздырып қойғанмын. Тек аз жұмысы қалды.



Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
IT сарапшы,
журналист.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ АШЫЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Доллармен және еуромен онлайн аударымдарын іске қосу Bereke bank-тің операциялық қызметті қалпына келтіру жоспарлы жұмысы шеңберінде орындалған кезекті қадамы болды. Енді соңғы саты – Visa және Mastercard халықаралық төлем жүйелері бойынша картадан картаға жасалатын ақша аударымдарын қалпына келтіру болып отыр. Бұл Қазақстанның банк секторы үшін жақсы жаңалық.

Қазақстан Үкіметі санкцияға ұшыраған СберБанк конгломератының біздегі банкіні сатып алып, оның атын ауыстырып, АҚШ-тың санкция тізімінен шығарып алған болатын. Тура осындай күй кешкен біздегі Альфа-Банкты ЦентрКредит сатып алып, жұтып қойды. Тек ВТБ банк қана Қазақстандағы банкіні сатпай, санкция режимінде жұмыс істеуге ыңғайлай бастады.



Елдегі барлық банк пруденциальды нормаларды сақтап отыр. Ал 2023 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша банк секторы активтерінің көлемі 45,4 триллион теңгеге жетті. Бұл бір ай бұрынғы деңгейден 1,2%-ға жоғары.

Мамыр айындағы активтердің өсімі бойынша Shinhan Bank көш бастап келеді. Сол айда алты банк активтерінің төмендеуін тіркеген. Еуразиялық банк (-4,1%) және KZI (-3,4%) құлдырау бойынша көш бастады.

Несие портфелі немесе банктердің клиенттер қолындағы қазіргі несие көлемі 25,5 триллион теңгені құрап отыр. Тым тез өсіп жатқан банктер ішінен Freedom Bank-ті атап айтуға болады.

Маусым айының қортындысы бойынша осы жағымды тренд сақталуы тиіс.



Айбар
ОЛЖАЕВ,
экономист
сарапшы.



МИГРАЦИЯ

КОРЕЙ ТҮБЕГІ

онда 35 мыңнан астам қазақстандық тұрып жатыр...

(Бсы 1-бетте)

Ресми мәліметке сай, Кореяда жұмыс істеу, білім алу, емделу, саяхат, дипломатиялық қызмет және басқа да мақсатпен 35 мыңға жуық Қазақстан азаматы жүр. Олардың арасында он мыңға жуығы сол ел үшін заңсыз еңбек мигранты болып саналады. Анығында, бұл сан тек ресми мәлімет ғана. «Пана сұраушы» статусы арқылы жұмыс істеп жүргендермен қоссақ, еңбек мигранттарының саны басым.

Бірақ бізде Корея бағытындағы миграция жайында жүйелі зерттеу жүргізген жоқ. Тек кейбір ақпарат құралдарының, жекелеген блогерлердің әртүрлі мәліметтерімен шектелеміз. Оның өзінде де екі қоғамның айырмашылығы, барғандардың тапқан табысы секілді тақырыптардан аса алмай жатамыз. Тұрасында, Корея бағытындағы миграцияның табиғатын, оны түзген адамдардың жас-шамасынан тартып, мамандығы, құндылықтары (кәсіптік немесе қабылдаған), отбасылық жағдайына дейін зерттеліп, бүгін мен ертеңге деген оңды, я теріс ықпалдары туралы алдын ала қорытындымыз қолда тұрса керек еді. Корей жеріндегі қазақтардың жай-күйі, жеткен жетістіктері мен тап болған қиыншылықтары, игерген жұмыс тәжірибелері мен сол ортадан сіңірген ғадеттері, олардың болашақта елге келгеннен кейінгі қазақ қоғамына деген ықпал әсерлері – бұның бәрі дерлік біздің қоғаммен тікелей қатысты мәселелер. Ол кемінде бір толыққанды журналистік зерттеуге жүк болары анық. Сондықтан да аталған тақырып жайындағы алғашқы адымдағы зерттеуімізді оқырман қауымға ұсына кетелік.

Кореядағы «параллель екі кеңістік»

«Жұмысшылар отырған көлік Гионжудан шығып тау арасымен оңтүстікке, Пусанға қарай заулап келеді. Жол бойындағы жынысты тау, жайқалған егіс атыздары ұзақ уақыт қаладан шықпаған бізді сергітіп тастады. Кореяны тек қалалармен елестетуші едік, «Тау-даласы бар екен-ау» дейміз іштей. Көбінде құрылыс жұмыстарында болдық, таңда барамыз, қас қарая қоналқымызға жетеміз. Қала ішінен анда-мұнда саябақтарды болмаса, адам қолымен жасалмаған табиғи көріністі көрмегелі жылға жуық уақыт болыпты. Көлік терезесінен мына көріністердің ешқайсысын қалдырмай қарап, санама салып алып кеткім келеді. Бір жазыққа жеткенде көлік баяу қозғалды, алдыңғы жақта бірдеңе болған, сірә. Ондай жағдай бұл елде тез-ақ реттеледі. Онда шаруам болмады, керісінше айналама ұзақ қарау үшін көліктің баяу қозғалғанына қуанып келем. Жол шетіндегі егістікте егде тартқан корей егіншілері жүр. Қолдарында кәдімгі қырғыш не орақ ұстап алған, еңкендеп бірдеңелерін істеп жүр. Сәл жүргеннен кейін бір егіншінің үй алдында тор себетпен егіс дақылын түктеп отырғанын көрдім. Біз бала кезде көрген тор себет. Дақылды салып алып желпіп-желпіп қояды. «Әкәу, мұндайды әлі істетеді екен ғой!» деп таңқалдым.

Аз уақыттан кейін жол тығыны ашылып, көлік заулаған күйі Пусанға жетіп барды. Жарқыраған қала, көлік толы көшелер, сабылсқан адамдар. Әйнек қабырғалы электронды техникалар дүкеніндегі зат түрлеріне таңқалмасаң, шараң не. Қарапайым механизмдерден тартып күрделі жұмыс істей алатын роботтарға дейін сан түрін көресің. Ал менің көз алдымнан манағы егіншінің бейнесі кетпей тұр. Екі әлем, екі ұрпақ, екі түрлі Корея. Екеуінің арасында 60–70 жыл уақыт бардай. Бірақ реализмде бұл екеуі қазір бір уақытта Корей түбегінде болып жатыр. Маған қатты әсер еткен жағдай осы болды», – деп еді Ұранбек аға Корея жайындағы әңгіме арасында.

Иә, бұл Кореяда бірер жыл жұмыс істеп қайтқан көзіқарақты қазақ азаматы байқаған бір ғана жағдай. Айтпағы – елдегі дамудың алапат қарқыны. Дәстүрлі шаруашылық, бір ұрпақтың ата кәсібі жалғасып жатқан ауыл мен содан бірнеше он шақырым жердегі қала тынысының паркы. Бірақ бір ел, бір қоғамда қатар жүріп жатыр. Ескінен ескерусіз қалдырмағаны да, енді бір қырынан, арасында нәзік



байланыс та бар. Айталық, Samsung компаниясының бір қызметкері зәулім ғимараттағы кеңсесінде, дамыған Пусанға қарай отырып, манағы егіншінің тор себетте түктеген дақылмен түстенеді дегендей.

Қазақстандық жұмысшылардың статусы

Қазақстандықтар Кореяда бір айға дейін визасыз жүре алады. Бірақ сол елде тұрақты әрі заңды жұмыс істеу үшін еңбек визасын ала алмайды. Астана–Сеул арасында жұмыс күшін алмасу немесе еңбек келісім-шартына қатысты ресми келісім болмағандықтан, ондағы отандастарымыз заңсыз жұмыс істеуші болып саналады. Ондағы қазақ азаматтары тап келетін қиыншылықтардың басы міне, осы мәселеден басталады. Олай болса, онда барған Қазақстан азаматтары қандай статуска ие?

Кореяға барып бірнеше жыл жұмыс істеп келген отандасымыздың бірі, онда барғандар тікелей еңбек визасын ала алмаса да, жанама жолдарды пайдаланып жатқанын айтады. Оның бірі – бір ай визасыз тұра алатын мүмкіндігін пайдаланып, сол уақыт арасында «пана сұраушы тұлға», яғни G1 статусын алу, мұнымен 3 жылға дейін заңды тұруға болады немесе сол жақтағы корей азаматымен үйленіп F5 визасын алу; тағы бірі – инвестиция салу арқылы бизнес визасына қол жеткізу. Бұның ешқайсысы болмаған жағдайда заңсыз иммигрант әрі заңсыз жұмыс істеуші болып саналады.

Медициналық көмек пен құқық қорғалуы қандай?



«Бұлардың ешқайсысын алмай, бір айдан кейін қайтпай қалып заңсыз жүргендер де көп болды. Кореяда көшеде соңыңнан қуалап не аңдып жүрген полиция жоқ. Тек заңсыз еңбек мигранттарына қарсы жылына екі рет рейд жүреді. Сол кезде ұсталып қалғандар елдеріне депортация жасалады. Ал былай ұрлық, төбелес, жол апаты секілді жағдайдағы тексеру кезінде табылғандар да еліне қайтарылып жатады», – дейді Орынбек Дәбей атты отандасымыз.

Әдетте бір елдегі заңсыз мигранттар сол елде құқықтың қорғалуы ең төмен тұлға саналады. Кореядағы сондай азаматтарымыз еңбекақысын ала алуы, медициналық көмекке қол жеткізе алу-алмауы қалай болды екен деген сұрағымызға мынадай жауап алдық: «Жалпы, корейлерде жұмыс істеткеннен кейін еңбекақысын бермеу деген әдет атымен жоқ. Бар шығар, бірақ жергілікті корейлерден ондай көрген емеспіз. Керісінше, ТМД елдерінен барған немесе Қытайдан барған этникалық корейлер болмаса, мүлдем көрмеппіз. Кейде сондай басқа елден барған корейлер жергілікті азаматтардан жұмыс алып, шетелдік жұмысшыларға істетеді. Кейін еңбекақысын бермей қойған жайттар болған екен. Бірақ ол елде

демократиялы, адам құқығы жоғары бағаланатын қоғам, жұмысшылардың, еңбекшілердің құқығын қорғайтын ұйымдар бар, «На дом бу» деп қояды корейше, сондай ұйымдар сот арқылы алып береді».

Пікір сұраған азаматтардың көбі корейлердің ұрыс-керіс, төбелес дегенге үрке қарайтын, өздерінде ондай қызуқандылық жоқ халық екенін айтады. «Тәртіп бұзып, полицияның тергеуіне түсіп елге қайтарылғандар немесе қамалғандар да болды. Корейлермен төбелеспейді, өзіміздің азаматтар арасында болып қап жатады. Кейде өзге елдерден келген мигранттармен дегендей. Оның үстіне ол жақта көлік арзан болғасын құжатсыз көлік айдап, жол тәртібін бұзып, сол арқылы ұсталғандар да болды», – дейді О.Дәбей.

Арнайы емделуге баратындар болмаса, жұмыс істеу мақсатында баратындар арасында ауырып қалатындар аз болатыны белгілі. Себебі, халықаралық статистикалық мәліметтер көрсеткендей, еңбек мигранттарының денсаулық жағдайы көбінде жақсы деңгейде. Ал Дәбей Орынбектің айтуынша, Кореяда еңбек үстінде жараланғандар, мейлі ол қай деңгейдегі жарақат болсын, емделу шығыны толықтай жұмыс берушілер жағынан өтеледі. «Жұмыс беруші тарап медициналық анықтамаға сай қанша күн еңбекке жарамай қалсаңыз, сонша күнді өтемақы төлейді. Бұл жағында күрделі мәселе болады деп айта алмаймын. Құрылыс саласында жүргенде ауыр жараланған жігіттер болды. Жарты жылға дейінгі емделу шығыны сол компания жағынан төленді», – дейді.

Пікір білдіргендердің айтуынша, онда барған азаматтар үшін ең үлкен қиыншылық – тіл мәселесі. Қолайлы, өзіне сай жұмыс табу және оны тікелей корейлерден алу үшін де тіл білген көбірек тиімді. Пікір иесінің бірі – Сайрангүл Дақанқызы. Ол Кореяда қазақстандықтар үшін аудармашы әрі жұмыс тауып беру қызметтерін ұсынып келеді. Корей қоғамын терең танып жатқан отандасымыздың бірі. «Корейлерден ағылшын тілінде бірнәрсе сұрасаң да, олар сазан корей тілінде жауап береді. Егер, шынымен корей тілін білмей жатсаңыз ғана ағылшын тілінде жауап береді. Олардың ұлтшылдығын, өз еліне деген патриоттық сезімін содан да көруге бола-ды», – дейді сол елде 5 жылдан аса тұрған Сайрангүл.

Оның түсінігінде корейлер әлемдегі көптеген ұлттардың жақсы қасиеттерін қабылдай білген. «Олар кейде қазақтар секілді бауырмал, қытайлар секілді еңбекқор, ал тәртіпке келгенде жапондар секілді. Олар да бір кездері әлемнің әр еліне барып жұмыс істеген. Кейде испанша, неміс, француз тілінде сөйлесіп бара жатқан корейлерді көреміз. Кезінде сол елдерде көп жыл тұрып жұмыс істеп, қаржы жинап, өз еліне инвестор болып оралғандар көп. Ең бастысы, жұмысқа деген ынтасын, жұмыс тәртібін сақтауын, еңбекқорлығын айтуға болады. Әр ісіне

табанды. Бір мақсат қойса, жұмыс істесе, не жағдай, қандай өзгеріс болса да, тіпті цунами болып қаланың жартысы жоқ болып кетсе де, сол ісін күнделікті жалғастыра береді. Жұмысқа келгенде сондай берік рухқа ие. Жалқау адамды олар «таза қанды корей емес» деп келемеждейді. Яғни корей деген ол ең бірінші еңбекқор адам сапасы деп санайды, соны ұлттық идеологияға айналдырған», – дейді Сайрангүл корейлердің біз үйренуге тұрарлық әдеттері жайында.

Келенсіз оқиғалар да болады

Онда барған жерлестеріміздің бәрі табыспен оралды деу жаңсақтық. Екі елдегі БАҚ-ты шулатқан «Әуежайдан қашу» немесе «Жол апатын жасап қашып кету» сынды оқиғалар Кореяға бағытталған миграцияның келенсіз бір қыры ғана. Тіпті, арасында адам саудасының құрбаны бола жаздаған қарақөздеріміз де болған екен. Қарағандының тумасы Тотыбала (аты өзгертілді) «жұмыс берушілердің» алдауына түсіп, соңында Мокпо қаласының қараңғы көшелерінде «түнгі көбелекке» айналып кете жаздаған. Абырой болғанда, жакындарының дер уақытында іздестіруімен елге оралып, аты жаман тағдырдан аман қалады.

Өкінішке қарай, оның өзімен тікелей тілдесіп сұхбаттасуға мүмкіндік болмады, жакындары да бұл жайында ақпарат беруді қаламайды. Онысы түсінікті де. Білуімізше, жұмыс іздеп барған екі қыз (бірі Тараз қаласынан) әлдебір делдалдардың жоғары жалақыға жұмыс тауып беретін уәделеріне сеніп, құжаттарынан да айырылып қалған. Бірі ерте сезіктеніп, сондағы таныстарына хабарласып үлгереді де, тәлейіне қарай құтылып шығады. Кейін өзі білетін мәліметтер арқылы бірге барған құрбысын табуға көмектескен. Бұдан өзге де түрлі заңсыз жұмыстарға тартылған немесе жергілікті жердің заң-ережесінен хабарсыз болғандықтан, заңсыз істерге араласып қалған мысалдар да табылады. Бұларды Кореяға барған немесе барғысы келген азаматтарға сақтық үшін айта кеткен де артық болмас.

Корей қоғамының ықтимал әсері

Оңтүстік Корея наным-сенім шектеуіңізсіз мемлекет. Христиандық түрлі ағымдардың қарқынды дәріптеліп жатқанына да көп жыл болды. Пікірлестерден бұл жайында сұрасып көрген едік: «Христиандық шіркеулердің тегін тіл үйрететін курстары бар. Онда барып корей, ағылшын тілін үйреніп жүрген қазақстандықтар көп болды. Жанымдағы жігіттер де барып жүрді. Бірақ оның діни уағыздарына кетіп қалғандарды көрмедім. Христиандық шіркеудегі тегін курстардың түпкі мақсаты белгілі, сондай қайырымдылық иаралары арқылы өз дінін насихаттағысы келеді. Бірақ біз енді дәстүрлі ортадан шыққаннан кейін ондай уағыздарына бой алдырмадық», – дейді Орынбек Дәбей.

Оңтүстік Кореяның аумағы шағын болса да, қоғамы үлкен әрі күрделі. Онда барған 35 мың қазақстандық бір астау құмға тамған бір тамшы су іспетті. Бұндай қоғамнан қабылдаған түрлі құндылықтар болашақта отандастарымызбен бірге біздің қоғамға да келетіні рас. Кореяның дамыған, үздік салаларында, түрлі өндіріс, сауда және қызмет өтеу салаларында еңбек еткен отандастарымыз болашақта үздік тәжірибе, жақсы жұмыс этикасын ала келеді деген үмітіміз зор.

Оған қоса, көлеңкелі әсерінің болатынын да жоққа шығара алмаймыз. Тек біз үшін әр істің салдарымен емес, себебін алдын ала зерделең, проблеманың алдына түсіп жүру абзал. Сондықтан да Корея бағытындағы миграцияны тереңдей зерттеп отыру болашақ қоғам үшін маңызды.



Естай БОЖАН, сарапшы.



БАЙЫПТАМА

ДЕПУТАТ ҚОЯР САУАЛ КӨП

Мәжіліс депутаттары бірінші сессияда 253 депутаттық сауал жолдаған

Биыл 19 наурызда кезектен тыс Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауы өтті. Сайлау пропорционалды жүйе бойынша ұйымдастырылды. Ол дегеніміз, депутат болу үшін партия құрамында болу міндетті емес. Енді кез келген азамат өзін-өзі ұсына алады. Осы ретте VIII шақырылым депутаттары белсенді ме деген сұрақ мазалайтыны рас. Олар қай мәселелерді жиі көтереді және сұрауларын кімге жолдағанды жөн санайды. Осы және өзге де сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Халық қалаулылары ең көп сауалды Әлихан Смайыловқа жолдайды

Саясаткер бірнәрсені ойлап, басқа нәрсені айтуы, мүлдем басқа істі жасауы мүмкін. Сондықтан олардың саяси белсенділігін айтылған сөзімен емес, атқарған ісінен қарауымыз керек. Халық қалаулыларының үмітті ақтау-ақтамауын жолдаған сауалдарынан да білуге болады. Себебі, депутат сауалы ресми құжат. Оған мемлекеттік аппарат жауап беруге міндетті.

Депутат сауалдарына сараптама жүргізу үшін Мәжілістің ресми сайтындағы ақпаратты қолдандық. Онда депутат сауалдарын кім жолдағаны, олардың кімге бағытталғаны туралы толық ақпарат бар.

VIII шақырылым депутаттары бірінші сессияда жалпы 253 депутаттық сауал жолдаған. Бұл сауалдар тек бір адамға бағытталмайтынын ескерсек, олардың саны бұдан да жоғары болады. Сауалдардың басым көпшілігі Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа бағытталған (104). Келесі орында оның бірінші орынбасары Роман Скляр жайғасқан (47). Үштікті Әлихан Смайыловтың бұрынғы орынбасары Алтай Көлгінов иеленген (39). Бір қызығы, одан кейінгі орында Бас прокурор Берік Асыллов тұр. Бұл саяси жүйеде прокуратураның белінің артқанының көрінісі.

№	Саяси тұлғалар	Жолданған сауалдар саны
1.	Әлихан Смайылов – ҚР Премьер-Министрі	104
2.	Роман Скляр – Премьер-министрдің бірінші орынбасары	47
3.	Алтай Көлгінов – Премьер-министрдің экс-орынбасары	39



4.	Берік Асыллов – Бас прокурор	35
5.	Тамара Дүйсенова – Премьер-министрдің орынбасары, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі	13
6.	Ерұлан Жамаубаев – Премьер-министрдің орынбасары, Қаржы министрі Серік Жұманғарин – Премьер-министрдің орынбасары, Сауда және интеграция министрі	9

Рейтингтің аутсайдерлеріне министрлерден Марат Қарабаев, Әлібек Қуантыров, Дархан Қыдырәлі, Саясат Нұрбек жатады. Ал Президентке тікелей бағынатын агенттік төрағаларынан Дархан Жазықбаев, Мәдина Әбілқасымов, Әсет Ерғалиев, Асхат Жұмағали аутсайдерлер. Олардың әрқайсысына 1 депутаттық сауал жолданған. Агенттік төрағаларының жұмысына қатысты сұрақ болмауы мүмкін, бірақ көп соңындағы министрлерге қатысты сұрақ көп.

Министрлерге депутаттардың сауалдарының көп болмауы, олар басқаратын мекемелердің жұмысына сын аз екенін білдірмейді. Оған халық қалаулылары көтеріп отырған мәселелер дәлел бола алады. Оларды сараптай келе, депутаттар көп мәселелерді премьер-министр, не оның орынбасарларына жолдайды деген қорытындыға келдік. Ал ол мәселелердің

басым көпшілігіне жекелеген министрліктер жауап беруі керек. Себебі, тікелей сол министрлердің құзыретіндегі сұрақтар.

Мысалы, ең көп сұрақ әлеуметтік осал топтарды қорғау, баспана және жұмыспен қамту мәселелері бойынша жолданған (45). Депутаттар ауыл шаруашылығы мен жер мәселелеріне де баса назар аударады (28). Әсіресе, сепаратизмнің алдын алу; жастар арасындағы әлімжеттік, электронды шылым, есірткіні қолдану, лудомания (құмар ойын); интернет, телефон және кибералақтық; ЛГБТ және дәстүрлі құндылықтар, банк салықтарының көп болуы және коллекторлардың заңсыз әрекеттері және өзге де өзекті ұлттық, қоғамдық мәселелерге халық қалаулылары ерекше мән берген (24).

№	Мәселелер	Саны
1.	Әлеуметтік осал топтарды қорғау, баспана және жұмыспен қамту	45
2.	Ауыл шаруашылығы мен жер мәселесі	28
3.	Ұлттық және қоғамдық қауіпсіздік	24
4.	Білім беру	19
5.	Экология	16
6.	Денсаулық сақтау	16

Сайып келгенде, бұл мәселелерді шешуге жеке министрліктердің билігі жетеді. Ал сауалдардың тікелей оларға жолданбауы, истиблишменттегі саяси беделінің төмендігін көрсетеді. Себебі, сауалды жолдаған депутат өз мәселесінің шешілгеніне мүдделі.

Депутаттардың жоғары лауазымды тұлғаларға сауалды көптеп жолдауы тағы бір мәселенің көзін ашады. Демек, үкіметтегі басшылық құрам саяси жауапкершілікті өзіне алған. Таяқтың екі ұшы болады. Бір жағынан мемлекеттік аппаратта тәртіп болады. Ал басқа жағынан қарайтын болсақ, кез келген сәтсіздік пен сынға басшы тікелей өзі жауап береді.

Депутаттар аймақ басшыларымен жұмысты қолға алмаған

Сауалдардың барлығы дерлік орталық мемлекеттік органдарға жолданған. Парламент аймақ басшыларымен мүлдем жұмыс жасамайды. Барлық сауалдардың ішінде тек 4-еуі ғана қала және облыс әкімдеріне жолданған. Оларға ШҚО экс-әкімі Даниал Ахметов, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек және Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев жатады. Бір қызығы, бұл депутаттардың өздері сайланған аймақтың мәселелерін хабардар еместігін білдірмейді. Егер олар көтерген мәселелерді қарайтын болсақ, аймақ мәселелерін Үкімет басшыларына жолдағанына көзіміз жетеді. Бұдан тағы бір қорытынды шығады. Мәжіліс әкімдіктермен ғана емес, мәслихаттармен де жұмысты қолға қоя алмай келеді.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Қалалық Білім басқармасы құрамында ҚР Оқу ағарту министрлігі, Балалардың құқығын қорғау комитетінің төрайымы Насымжан Оспанова, БАҚ өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері бар арнайы топпен бірлесіп, барлық жазғы балалар лагерьлерінің жұмысын тексерді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Арнайы топ өкілдерінің мұндай қадамға баруына күні кеше қоғамды дүр сілкіндірген оқиғаның тікелей себеп болып отырғаны белгілі. Әлеуметтік желіде «Арман дала» лагерінде орын алған жағдай туралы айтылған ақпарат бүкіл ата-аналар қауымының алаңдаушылығын туғызып, үлкен дау туғызған еді.

Іле-шала оқиға орнына аттанған тиісті сала өкілдері бұл мәселенің анық-қанығына көз жеткізіп, тиісті жаза қолданды. Сонымен қатар, қалалық Білім басқармасы тиісті талапқа сай емес екі лагерьдегі жағдайға байланысты барлық баланы басқа екі лагерьге кезек-кезеңімен жіберу туралы шешім қабылдап, нәтижесінде «Бел Ричи» ЖШС-не («Арман дала» лагері) қатысты қызмет көрсету шартын бұзу туралы шешім қабылдады.

Бұған қоса, жауапсыз қызмет көрсетуші деп тану туралы талап-арыз да қоса берілді. Басқарма қаражаты есебінен төленуі тиіс ақша төленбейтін болды. Орын алған жағдайға байланысты қалалық Білім басқармасында өткен жиын барысында бұдан былай балалардың жазғы демалыс орталықтарында балаларға жасалған жағдай құжат түрінде ғана емес, арнайы түрде қатаң тексеріліп, олардың келу бағдарламасы және т.б. жағдайларға ерекше мән берілетін болады. Әрі жазғы кезеңде балалар демалысын ұйымдастыру мәселесі бойынша мамандандырылған балалар мекемелерінің кураторларымен бірге атқарылатын жұмыс күшейтілді.

Қазір жазғы демалыстың нағыз қызған уақыты. Бұл мезгілді балалардың жыл бойы армандайтынын ескерсек, жазғы демалыстың мәнді де, мағыналы өтуіне баса назар аударғанымыз жөн. Сондықтан қалалық Білім басқармасы жазғы демалыс кезінде көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан 3000-ға жуық бала мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған 100 баланың, сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қала сыртындағы



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

лагерьлерге демалуға жіберуді жоспарлап отыр.

Тағы бір айта кетерлігі, қалалық Білім басқармасы конкурстық негізде тендерді ұтып алған «Тау самалы» лагеріне («Айсұлу және Т» ЖШС) балаларды жібермеу туралы шешім қабылдады. Бұған себеп, аталмыш лагерьге баратын жолдың қашықтығы мен балалардың ерекше білім беру қажеттілігін ескере отырып, Қаскелең қаласындағы жеке мектепте уақытша орналастырылды. Сондай-ақ, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мұнда медициналық қызметкерлер тәулік бойы кезекшілік етеді.

Қаламыздағы «Жанұя» мамандандырылған кешенінің тәрбиеленушілері осы мектепте болған кездерінде алты мезгіл тамақтанып, мәдени іс-шаралардың жиі өткеніне ризашылықтарын білдірді. Сонымен қатар, арнайы мекеменің тәрбиеленушілері маусым-шілде айларында қала маңындағы «Өрнек», «Юный домостроитель» лагерлерінде, Алакөл көлінде демалып қайтты.

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬЛЕР ЖҰМЫСЫ

Алматы қалалық Білім басқармасы балаларға арналған демалыс орындарының жұмысын қатаң бақылауға алды

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Насымжан ОСПАНОВА,
ҚР Оқу ағарту министрлігі Балалардың құқығын қорғау комитетінің төрайымы:

АТА-АНАЛАРДЫ БЕЛСЕНДІ БОЛУҒА ШАҚЫРАМЫН

Өздеріңіз де білесіздер, менің Алматыға келуімнің басты себебі де осы оқиға болып отыр. Осы оқиғадан кейін балалардың жазғы демалысына қатысты барлық талаптарды қайта қарайтын боламыз. Балалардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастыру, оны ойдағыдай өткізу үлкен міндет. Оны бизнеске айналдырмау керек. Өзім басшылық ететін комитет мотаторийге байланысты кез келген балалар мекемесін тексере алмаймыз.

Мемлекеттік мекемелерден бастап, жекеменшік балабақша, мектеп, колледж болсын,

лицензиясы болуы керек. Еліміздің басқа өңірлеріндегі бірнеше лагерьлерді тексерген кезде түрлі заң бұзушылықтарды байқадық. Олардың біразы тіпті тіркелмеген де болып шықты. Арнайы мекемелерге сұрау салғанымызбен, әлі күнге нәтиже жоқ. Сондықтан ең алдымен ата-аналарды мұқият, белсенді болуға шақырамын.

Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА,
қалалық Білім басқармасының басшысы:БАЛАЛАР ДЕМАЛЫСТАРЫН
БАСҚА ЛАГЕРЬЛЕРДЕ
ЖАЛҒАСТЫРАТЫН БОЛАДЫ

Біз әлеуметтік желі арқылы тараған келенсіз оқиғадан кейін, Алматы қаласының балалары демалып жатқан басқа лагерьлердің тұрмыс-тіршілігін көру мақсатында арнайы пресс-тур ұйымдастырып отырмыз. Жалпы, Алматы қаласындағы 214 мемлекеттік мектепте үш жүз мыңнан астам оқушы оқиды. Қалалық әкімшілік осы оқушылардың жазғы демалысы үшін жыл сайын қалалық бюджет қаржысынан қомақты қаражат бөліп отырады. Биыл осы мақсат үшін 377 миллионнан астам теңге бөлінген болатын.

Өкінішке қарай, биылғы тендерді жеңіп алған «Арман дала» лагері өз жұмысына салғырттық танытқаны үшін олармен келісім-шартты бұзуға тура келіп тұр. Олардың барлық тиісті құжаты талапқа сай болғанымен, іс жүзінде олай болмай шықты. Орын алған оқиғадан кейін құжатын кері қайтардық. Оларға бюджеттен бірде-бір теңге бөлінген жоқ.

Ал БАҚ өкілдері мен қоғам белсенділері арнайы тексерген Қонаев қаласындағы «Самұрық» лагерінде оқушылар әлі де үш-төрт ауысым демалатын болады. Сонымен қатар, Оқушылар сарайының «Өрнек» лагерінде де оқушылар маусым сайын демалатын болды. Ал «Арман дала» лагерінде болған балалар өз демалыстарын басқа лагерьлерде жалғастыратын болады.



АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

АЙМАНОВТЫҢ
АЙНЫМАС ДОСЫ

Жап-жасыл желекке оранған шағын ғана кент. Арба жеккен ат пен жаяу жүргіншілер ғана шағын шаһардың ажарын кіргізгендей. Биік қара ағаштар, сылдырап аққан арық суы көше бойына ерекше көрік берген. Небәрі 300 мыңға жуық тұрғыны бар шаһардың 30-жылдардың соңы, яғни соғыс алдындағы көрінісін осылай елестетуге болады. Бұл кезде қала басшылығына (1939–1941) Хасен Байұзақов келді.

Қалалық атқару комитетінің төрағасы болған ол көріктендіру, көгалдандыру жұмыстарына басым сипат берді. Қалаға жаңа мәдениет алып келуде жаңа бетбұрыстарға жол ашты. Қысқасы, өзгелердің тәжірибесіне сүйене отырып, қала деген ұғымның араб тілінен аударғанда мәдениет деген мағына беретінін де ерекше ескеріп, екшей келе жаңа үлгідегі қала салу үрдістеріне бет бұрды.

Бұл ретте ең алдымен қалада шағын өндіріс орындарын салуды қолға ала бастады. Өйткені, қала халқының жыл сайынғы өсімі басты назарда болып, оларды жұмыспен жеткілікті қамтамасыз ету қажет болды. Оның үстіне осы жылдары ауыл халқының қалаға қоныс аударуына мүмкіндіктер жасала бастаған. Осыған орай, бір жағынан Қазақ КСР-інің депутаты ретінде Хасен Байұзақовтың қала бюджетін қорғауға зор мүмкіндігі де болды. Соның арқасында 1940 жылы шаһар шаруашылығы соны серпінімен дамып, қала бюджеті 108,7 пайызға орындалып, 5561 мың рубль кіріске шықты. Бұл өндірістік жағынан енді бетбұрыстар жасай бастаған шаһар үшін айтулы табыс еді. Бұл ретте шаһар басшысының еңбегі өкімет тарапынан жоғары бағаланып, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

Бар тіршілігі енді қалыптасып, тамырына қан жүгіре бастаған шаһарда төтенше жағдайлармен бетпе-бет келуге тура келді. Осы кезде қала ішін кеттен өрт шалды. Кейбір дерек көздерінен мәлім болғанындай, соғыстың алғашқы жылдарында Алматыға ішкі Ресейден әскери қорғаныстық маңызы зор зауыттар мен фабрикаларды көшіріп әкелді. Сонымен қатар, сырттан жаяу-жалпылап, арып-ашып жеткен халықты да бауырға басып, пана болу оңайға соққан жоқ. Сонымен қатар, осы жылдары Алматыға «Мосфильмді» де уақытша көшіріп әкелген болатын. Міне, осынау тағдырлы сәтте қала басшысы үлкен сабырлылық танытып, мәселені шешуде айрықша ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті.

Әрине, қаланы басқарудағы әр басшының өз қолтаңбасы, артында қалған ізі болады. Хасен Байұзақов шаруашылықтың, өндірістің шебер ұйымдастырушысы, өз кәсіби маманы болумен қатар, шаһардың мәдени, рухани дамуын да басты назарда ұстап, өзін идеялық жағынан шындалған идеолог ретінде де танытты.

Бұл ретте ол қазақтың зиялы, танымал азаматтарымен араласа жүріп, оларды қала жұмысына тартып, көп кеңесіп отыруды дағдыға айналдырды. Мәселен, Әбділда Тәжібаев, Мәлік Ғабдуллиндермен үлкен сыйластықта болған. Бұл кісінің қызы Гүлпанның айтуынша, Шәкен Аймановпен ет бауыр жақын дос болған. Бір-біріне жиі қонаққа барып, ұзақ уақыт әңгіме-дүкен құратын көрінеді. Тіпті, ұлы Алмастың кино операторы болуы да тектен-тек емес еді. Кейінірек Алмас Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы кинохронологиясының директоры болды.

«Хасен Байұзақов – Алматы атқару комитетінің алғашқы төрағаларының бірі. Ол кезде біз студентпіз. Білетінім, сол уақытта Алматыда үкімет үйі салына бастады», – дейді мемлекет және қоғам қайраткері Хайдар Арыстанбеков.

Қысқасы, Хасен Байұзақов Алматыны күрделі кезеңде басқарып, тығырықтан шығаруда достың да, дұшпанның да тілін тауып, жол таба білді.

Әрине, 50-жылдардың сүргіні оны да айналып өтпеді. Оның соңына шырақ алып түсушілер де болды. Осы жолда оған қолдау білдірген нар тұлғаның бірі, қалалық атқару комитетінің төрағасы Ахмет Әділов еді. Ахаң оған қорған болып қана қоймай, пәтер алып та берген. Ол кісіні Хасен аға «Әділетті Әділов» деп отырады екен.

Алматыны соғыстың алдында небәрі екі жыл ғана басқарған, Аймановтың айнымас досы Байұзақов оның ең күрделі кезеңдегі жағдайын бастан кешті. Содан да ұмытылмайды.

Қали ҚОШҚАРУҰЛЫ.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БАУЫРЛАСТЫҒЫ
жаңа деңгейге көтерілді

Жүсіп Бала-сағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті мен Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен қазақ-қырғыз тарихшыларының «жазғы мектебі» өтті.



Қазақтың белгілі ақыны Жұбан Молдағалиев «Мен – қазақпын!» атты поэмасында:

*«Мен – қазақпын, қырғыз ол – туысқаным,
Бірге тартқан тарланның құйысқанын.
Анамыз да қаракөз бір қыз, бәлкім,
Бөліп берген егізге уыс нанын.
Ерке Талас, ер Манас – қырғыз деген,
Төскей, төсек, тілегі бір бізбенен, –*

деп жырлағандай, «төсекте басымыз, төскейде малымыз қосылған» бітім-болмысымызбен біте қайнасып жатқан елміз. Сол бауырмашылығымыз бүгінгі таңда ғылыми ынтымақтастықтарға ұласып жатыр.

Конгресті Қырғыз Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты Жанарбек Ақаев ашты. Ж.Ақаев қазақ-қырғыз ғылыми байланысын арттыруды қолға алу керектігін, Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың да Бішкекке іссапармен келіп кеткендігін тілге тиек етті. Қырғыз Республикасының Президентіне қарасты «Мурас» қорының төрағасы Қыяс Молдокасымов «Манас жырын» алғаш қағаз бетіне түсірген Ш.Уәлиханов жайлы сөз қозғап, Жамбыл мен Токтоғұлдың мәмілесінен мысалдар келтіріп, 1916 жылғы тарихи оқиғалар ауыртыпашылығын, Ш.Айтматов пен М.Шахановтың достығы біздерге үлгі болу керектігін айтып өтті.

Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің студентіне Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының стипендиясын институт директоры, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор Зиябек Қабылдинов табыстады. Институт директоры «ҚР тарих ғылымының дамуы: тәжірибе, мәселелер, шешім» атты баяндамасында бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобалары мен академиялық көптомдық басылымының жұмыс барысынан хабар беріп, институтымыздың қызметкерлері дайындаған «Ш.Ш.Уәлихановтың таңдамалы шығармалары» 2020 жылы Лондонда «Selected works of Chokan Valikhanov» атымен Кэмбридж университеті тарапынан ағылшынша басылып шығуы секілді жетістіктерімен бөлісті. Сондай-ақ, институт директоры Қырғызстан тарапына бауырмашылықты арттыру мақсатында бірқатар кітаптарды естелік ретінде сыйлыққа беріп, жастар арасындағы көптің қайта жандандыру керектігін атап өтті. Сөз соңында институтымыздың директоры Ш.Уәлиханов атындағы ТжЭИ базасында Жүсіп Баласағұн атындағы ҚырғызҰҰ өкілділігі ашылатындығын хабарлады.

Келесі сөз кезегінде Орталық Азияны зерттеумен айналысатын Француз зерттеу институтының (IFEAS) директоры Адриен Фона ғылыми ықпалдастықтың артуы әр салада зерттеу жүргізуге қолайлы ахуал тудыратынын жеткізді.

Пленарлық жиында К.Дикамбаева атындағы Дипломатиялық академияның проректоры, т.ғ.д., профессор Зайнидин Курманов конгрестегі сөйлеген сөзінде қазақ пен қырғыз халықтарының 3000 жыл бойы бірге жасап келгендігін, қырғыз зиялыларының да «Алаш» құрамында болғандығын, оның ішінде И.Жайнасовтың Бішкекте «Алаш» партиясының филиалын құрудағы ерен еңбегін де атап өтті. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, ҚҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор Төлөбек Абдырахманов өз сөзінде «Манастану», «Шоқантану» сынды ғылыми зерттеу бағытын дамытуды ұсынды. Сонымен қатар, бүгінгі таңдағы қырғыз диаспоралары жайлы өз пікірлерімен бөлісті.

Сөз соңында ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор Зиябек Қабылдиновке Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің құрметті профессоры атағы берілді. Екі елдің ғылыми байланысының көрінісі ретінде т.ғ.д., профессор Т.А.Абдырахманов Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінде Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бөлімшесі ашылғандығын хабарлады. Белгілі қырғыз ғалымы, «Ш.Айтматов атындағы халықаралық академияның» академигі, «Қырғыз тарихшылар қауымдастығының» президенті, т.ғ.д., профессор Тынчтықбек Чоротегин онлайн сөз тізгінін алды.

Конгрестің сұрақ-жауап бөлімінде бірқатар ортақ

мәселелер талқыланды. Сөз кезегі ардагер тарихшы, «Эне» қайырымдылық қорының президенті Жырғал Момбекова қазақтың маңдайына біткен ірі ғалымы, т.ғ.д., (1973), профессор (1980), Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1982), ҚР ҰҒА академигі болған Кеңес Нұрпейісовпен тығыз ғылыми байланыста болған естеліктерімен бөлісті.

Бостерідегі пансионатта үшінші секция өз жұмысын жалғастырды. Модераторлар Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Қазақстанның жаңа заман тарихы бөлімінің ғылыми қызметкері, жас ғалымдар кеңесінің төрағасы А.Күнекеев тарихта өткен дәулескер күйші Қожекенің «Бес жорға», Нұрғиса Тілендиевтің «Әлкисса» күйлерін орындап, екі елге ортақ тарихынан сыр шертті. Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы ретінде Аман Күнекеев қырғызстандық жастарды бірлесе ғылыми байланыс орнатуға шақырды. Келер жылғы «жазғы мектепті» қалай ұйымдастыруға болатындығы жайлы жоспарларымен бөлісті. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «Этнология және антропология» бөлімінің кіші ғылыми қызметкері, PhD докторанты Н.Досымбетов этнология саласында «қазақ ескерткіштану орталығының» ашылуы, этнология бөлімінің Монғолия, Өзбекстан секілді мемлекеттерге жасалған экспедициялар жайлы тың да қызықты ақпараттармен бөлісті. Қырғызстан тарапынан Б.Тұрысбеков атындағы КМДТСА-ның магистранты Б.Борғемиков бауырлас елдерге ортақ ұлттық ойын түрлері мен көкпар тарихы жайлы айтты. Сонымен қатар, қырғыз ғалымдары сопылық дәстүр жайлы, қырғыз дүниетанымындағы Қамбар ата түсінігінің философиялық мәнін айтты.

Институтымызды кіші ғылыми қызметкері А.Тылахметова екі елдің бауырластығы мен тарихи байланысын архивтік деректермен атап өтті. Институтымыздың ғалым хатшысы Н.Құрманалина қазақ-қырғыз тарихшыларының байланысын ғылыми жобалар арқылы іске асыруға болатындығын айтты.

Жазғы мектептің қорытындысы бойынша екі жақ тараптан да төмендегідей ойлар айтылды:

1. Шетел архивтеріндегі қазақ-қырғыз зиялылары жайлы деректерді топтастыру;
2. Қазақ-қырғыз ғалымдары бірлесе мақалалар жазып, зерттеу жүргізуді қолға алу;
3. Қырғыз-қазақ ұлттық этнографиялық ұқсастықтары мен айырмашылықтары ғылыми зерттеу бағыты ретінде қолға алу;
4. Екі ел тарихшыларының ортақ ғылыми базасын жасау;
5. Қырғыз-қазақ халықтарына ортақ мақал-мәтелдер жинағын шығару;
6. Қырғыз-қазақ ЖОО магистранттары мен докторанттарын алмасу ісін қолға алу;
7. Екі ел бірлесе отырып ғылыми табылымдамалар мен экскурсиялар ұйымдастыру;
8. Қазақ-қырғыз архивтік материалдарын даярлауды жолға қойып, құжат алмасуды ғылыми айналымға түсіру;
9. Екі ел тарихшылары бірлескен жобалар ұсыну;
10. Қазақстанда жарияланатын ғылыми жобалар жарысына қырғыз ғалымдарын да тарту;
11. Бірлескен ғылыми конференциялар өткізіп, студенттер мен магистрант докторанттарды ынталандыратын қаржылай де-меу ұйымдастыру;
12. Институт базасында Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің өкілділігі ашылатындығы айтылды;
13. Келесі «Жазғы мектепті» қалай ұйымдастыру керектігі талқыланды.

Олжас ҚУАНБАЙ,
институт директорының кеңесшісі, PhD.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАР

азаматтардың құқығын қорғауға бағытталған

«**Б**ылтыр қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында судьялар корпусын жаңарту, сот билігінің беделін арттыру, оған қоғам тарапынан сенім арту үшін сот жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарын айқындады. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы Заңға және сот жүйесін реформалауға бағытталған бірқатар басқа заңға түзетулер енгізілді», – деді И.Федотова.

Жоғарғы Сот судьяларын сайлаудағы тәсіл – Жоғарғы Сот судьяларын Сенат баламалы негізде, кем дегенде екі судьядан сайлайды. Сонымен қатар, жоғары білікті заңгерлердің судьялар корпусын күшейтуі, судьялыққа кандидаттарды даярлау, қазіргі судьялардың біліктілігін арттыру, шекті жасты ұзарту, жұмыс істеп жүрген судьялардың өкілеттіктерін тоқтата тұру және тоқтату мәселелері қаралатын дербес мемлекеттік орган ретінде Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесін нығайту көзделген. Жоғары Сот Кеңесінің қарамағына Сот төрелігі академиясы берілді.

Сонымен қатар, бір жағынан судьялардың қызметіне араласуды шектеу және екінші жағынан судьялардың өрескел қателіктері үшін жауапкершілігін күшейту, Сот төрешісінің заңдылықты өрескел бұзудың әрбір фактісін тексере отырып, шаралар іске асырылуы.

«Апелляция институтын реформалауға ерекше назар аударылды, оның нәтижесі апелляциялық инстанцияның бірінші сатыға қайтарылмай, мәні бойынша шешім шығару міндеті болды. Бұл судьялық қателіктердің

Биыл наурыз айында Мемлекет басшысы сот жүйесі мен судьялардың мәртебесіне өзгерістер енгізуді көздейтін конституциялық заңға қол қойды. Сот төрелігі жүйесіндегі реформалар жайлы ӨКҚ брифингінде Алматы қалалық сотының судьялары Ирина Федотова мен Руслан Баишев айтып берді.



санын азайтуға, сот актілерінің сапасын арттыруға, сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге, нәтижесінде азаматтар мен кәсіпкерлердің бұзылған құқығын тезірек қалпына келтіруге тиіс», – деп атап өтті спикер.

Бұдан басқа, заңнамадағы өзгерістер әкімшілік Әділет саласын кеңейтуге,

мемлекеттік органдармен құқықтық даулардың кең ауқымын рәсімдік – процестік кодекске беруге әсер етті. Алматы қалалық сотының судьясы Руслан Баишев сот жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар сотта азаматтардың құқығын қорғауға бағытталғанын еске салды.

«Барлық өзгеріс пен толықтыру бұл біз

көріп отырған қажеттілік және қоғам сот жүйесінен жаңа ақпараттық технологияларға сәйкес дамуымызды талап етеді. Сот жүйесі тек қағаз жүзінде ғана емес, сонымен бірге іс жүзінде де тәуелсіз болып, азаматтарымыздың, ұйымдарымыздың және мемлекеттеріміздің құқықтарын адамдардың құқыққа қарсы қол сұғуынан немесе басқа ұйымдардың осы құқықтарды бұзудан қорғауды қамтамасыз етуі үшін барлық инновация енгізіліп, зерделенеді және біздің судьялар оларды заң талаптарына толық сәйкес орындайтын болады», – деді ол.

Өзгерістер арасында аудандық соттарды ауданаралық соттарға біріктіру де қарастырылған. Аудандық сот төрағасының лауазымы жойылып, судьялық лауазымға ауыстырылатын болады. Судьялардың жауапкершілігіне келетін болсақ, судьяларға қатысты тәртіптік істерді қарау үшін Жоғарғы Сот Кеңесінің жанынан Сот төрелігі құрылады.

Алматы қаласында 243 судья жұмыс істейді, оның ішінде 44 судьяның 20 жылдан астам жұмыс өтілі бар, 176 судьяның 5 жылдан 20 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар, 23 судьяның жұмыс өтілі 5 жылдан аспайды. Алматы қаласының соттары 2023 жылдың 6 айында 76 860 істі қарады, оның ішінде 50 210 азаматтық, 21 885 әкімшілік және 2265 қылмыстық іс. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе бойынша 2500 іс. 2022 жылмен салыстырғанда істердің айтарлықтай өсуі байқалады. 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында 28 059 азаматтық іс, 16 330 әкімшілік және 1683 қылмыстық, 2203 Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе бойынша іс жүргізу аяқталды.

● ПОЛИЦИЯ

АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Алматыда қылмыс саны 34%-ға азайды

Мұндай мәліметтерді қалалық полицейлер ПД қызметі мен бөлімшелерінің 6 айдағы жұмысының қорытындысын шығара отырып, келтіріп отыр.



- аса ауыр қылмыс саны – 2,5 есе;
- ауыр қылмыс – 40,1%-ға;
- кісі өлтіру – 7,5 есе;
- қарақшылық шабуылдар – 2,3 есе;
- адам денсаулығына ауыр зиян келтіру – 30,1%-ға, оның ішінде өлімге әкеп соққан деректер – 27,8%-ға;
- зорлау – 2,2 есе;
- интернет-алаяқтық – 13,6%-ға;
- тонау – 11,8%-ға;
- бөтеннің мүлкін ұрлау – 44,0%-ға;
- бұзақылық – 7,8 есе;
- алаяқтық – 16,1%-ға;
- мас күйінде жасалған қылмыс саны – 21,0%-ға;
- қоғамдық орындарда жасалатын құқық бұзушылықтар саны – 6,2%-ға, оның ішінде көшеде жасалған құқық бұзушылықтар 26,5%-ға азайды.

● АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ТЕГІН ЗАҢ ҚЫЗМЕТІ

Көмек алатын азаматтар санаты кеңейеді

ҚР Азаматтық процестік кодексіне өзгеріс енгізіледі. Яғни енді тегін заң көмегін алатындар қатары кеңейеді.

Депутаттардың бастамасымен тегін заң көмегі мынадай мәселелері бар адамдарға көрсетіледі:

- алимент өндіріп алу туралы даулар бойынша талап қоюшыларға;
- кәмелетке толмағандардың құқығы

мен мүддесін қозғайтын даулар бойынша талап қоюшыларға;

- «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, өмірлік қиын жағдайда жүрген талап қоюшыларға;
- техногендік және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан келтірілген залалды өтеу бойынша талап қоюшыларға көрсетіледі.

Бұған қоса, қандай да бір іске «қорғалуға құқығы бар куә» мәртебесінде қатысып жатқан азаматқа тегін адвокат көмегін алу мүмкіндігі берілмек.

● АДВОКАТУРА



ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР

Адвокаттарға қатысты жаңа бап енгізіледі

Қылмыстық-процестік кодекске жаңа 256-1-бабы енгізілмек. Ол адвокатқа қатысты тінту, қарап-тексеру ерекшеліктерін айқындайды.

«Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру басқа адамдарға қатысты немесе қылмыс белгілері бар іс-әрекетті жасау фактісі бойынша басталса, адвокатқа қатысты тінту, қарап-тексеру және алу (оның ішінде адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланатын тұрғын және қызметтік үй-жайларда) тергеу судьясы санкциялаған қаулы негізінде және адвокаттық құпияны құрайтын заттар мен мәліметтерге қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ететін, аумағында көрсетілген процестік әрекеттер жүргізілетін адвокаттар алқасының өкілінің қатысуымен адвокатқа қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаннан немесе оны айыпталушы ретінде тартқаннан кейін ғана жүргізіледі», делінген депутаттар бастамасымен өзгеріс енгізу ұсынылған Қылмыстық-процестік кодекстің жаңа бабында.

Тінту немесе қарап-тексеру туралы

қаулыда нақты анықталуға тиіс заттардың тізімі көрсетілуі қажет. Тиісінше, адвокаттан құжатта алдын ала көрсетілмеген өзге заттарды алуға тыйым салынады. Бұл ретте айыпталушының мүддесін қорғауға тартылып, өзі сотты болып жатқан маманның үйін, кеңсесін тінту кезінде оның басқа істер бойынша жинаған құжаттарын алуға, суретке, видеоға түсіруге жол берілмейді.

«Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру басқа адамдарға қатысты немесе қылмыс белгілері бар іс-әрекет жасау фактісі бойынша басталған болса, адвокатқа қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғанға дейін немесе оны айыпталушы ретінде тартқанға дейін адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын тұрғын және қызметтік үй-жайларды қарап-тексеру, егер көрсетілген үй-жайларда қылмыс жасау белгілері табылған жағдайда ғана жүргізілуі мүмкін.

Мұндай жағдайда аумағында қарап-тексеру жүргізілетін адвокаттар алқасы өкілінің қатысуымен оқиға орнын қарап-тексеруге оның қатысуын қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде ғана жол беріледі», деп нақты ережелер айқындалған құжатта.

**Бетгі әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.**



ТУРНИР

АЛМАТЫДА АЛҒАШ РЕТ

Үстел теннисінен WTT YOUTH CONTENDER ALMATY
халықаралық турнирі өтеді

25–28 шілде аралығында
өтетін турнирге бес түрлі жас
санатындағы жасөспірімдер
қатысады.

Жұлделі орындар үшін күреске әлемнің 13 елінен, Қытай Тайбэйі, Гонконг, АҚШ, БАӘ, Италия, Бельгия, Оман, Иран, Үндістан, Қырғызстан, Түркіменстан, Өзбекстан және Қазақстаннан 159 спортшы қатысады. Ал Қазақстан құрамасында жарысқа құрама команданың көшбасшылары Алан Құрманғалиев пен Сарвиноз Миркадинова қатысады.

«Биыл Қазақстан WTT Youth Contender Almaty беделді жасөспірімдер турнирін алғаш рет қабылдайды. Бұл жарыстарды ұйымдастыру – барлық деңгейде үстел теннисін дамытуға деген ұмтылысымыздың тағы бір дәлелі. WTT Youth Contender Almaty біздің жас таланттарымызға жаңа қарсыластармен кездесуге, халықаралық аренада өз қабілетін көрсетуге, сондай-ақ әлемдік рейтингте ұнай жинауға бірегей мүмкіндік береді.

Жарыс 11 жастан 19 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздар арасында өтеді. Жыл сайын жүйелі түрде өткізуді жоспарлап отырмыз. Жанкүйерлер мен спорт әуесқойларын осы маңызды оқиғаға қатысуға шақырамыз», – деді ҚР үстел теннисі федерациясының президенті Данияр Абулғазин.



Халықаралық үстел теннисі федерациясының (ITTF) және әлемдік үстел теннисінің (WTT) қолдауымен өтетін турнирде жас теннисшілер келесі пәндер бойынша ең мықтыларды анықтайды:

1. Ұлдар мен қыздар, 11 жасқа дейінгі жалғыз разрядта;
2. Ұлдар мен қыздар, 13 жасқа дейінгі жалғыз разрядта;
3. Ұлдар мен қыздар, 15 жасқа дейінгі жалғыз разрядта;
4. Ұлдар мен қыздар, 17 жасқа дейінгі жалғыз разрядта;
5. Ұлдар мен қыздар, 19 жасқа дейінгі жалғыз разрядта;
6. 15 жасқа дейінгі аралас жұптық разрядта;
7. 19 жасқа дейінгі аралас жұптық разрядта.

ADD Ustel Tennis Ortalygy Алматы үстел теннисі орталығында өтеді. Жарысқа кіру – тегін.

ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІ

Иорданияның Амман қаласында өтіп жатқан әйелдер күресінен 20 жасқа дейінгі жастар арасындағы Азия чемпионатында үш қазақстандық балуан қола медаль жеңіп алды.



АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ:

жүлдегерлер қатарындамыз

12 шілдеден бастап күрес түрлерінен 15 және 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жастар арасында Азия чемпионаты өтіп жатыр. Жарыстың алтыншы күнінде әйелдер күресінен 20 жасқа дейінгі жастар 5 салмақ дәрежесінде сынға түсті. Барлығы қола жүлдені қоржынға

салды. Олардың қатарында Лаура Ғаниқызы (50 келі) Зейнеп Баянова (55 келі), Жібекжан Сабыржанова (68 келі) бар. Ал Мәдина Аман (59 келі) мен Арайлым Алтынбек (76 келі) қола жүлде үшін сайыста қарсыластарына есе жіберіп қойды.

ТЕННИС

АНТИРЕКОРД ОРНАТТЫ

Қазақстанның үздік теннисшісі Александр Бублик (АТР рейтингінде 27-орын) Уимблдон–2023-те ерлер арасындағы жекелей сында ең көп қателік жіберді.

Теннистен Ұлыбритания–2023 ашық чемпионатының ресми статистикасына сәйкес, Бублик турнирдегі төрт матчында 38 қосарланған қателік жіберді. Бұл жағынан Канада өкілі Денис Шаповалов екінші орында тұрса (35 қателік), үшінші орында даниялық Холгер Руне (бес матчта 30 қателік) мен испаниялық Карлос Алькарас (жеті матч) иеленді.

ГРЕК-РИМ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА – ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

Командалық есепте біздің спортшылар үшінші орын алды

Қазақстан құрамасы жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында үздік үштікке енді. Грек-рим күресінен Қазақстан құрамасы Амманда (Иордания) өтіп жатқан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында өнер көрсетті.

ЖҮЛДЕГЕРЛЕР:

- 82 келіге дейін – Ислам Евлов («алтын»);
55 келіге дейін – Айбек Айтбеков («күміс»);
60 келіге дейін – Самандар Мадаминов («қола»);
63 келіге дейін – Юсуф Ашрапов (күміс);
67 келіге дейін – Азиз Гасимов (қола);
72 келіге дейін – Мерей Мәулітқанов («қола»);
87 келіге дейін – Нұрасыл Аманәлі («күміс»);
97 келіге дейін – Иусуф Мадиев (қола);
130 келіге дейін – Джохар Узаров («қола»).



ТАЭКВОНДО

ТҮРКИЯДАҒЫ ТУРНИР:

Қазақстан 15 медаль жеңіп алды



Анкара қаласында (Түркия) таэквондодан Turkish Open G-2 халықаралық турнирі өтті, оған Қазақстан жасөспірімдер құрамасы қатысты. Бұл туралы федерацияның баспасөз қызметі хабарлады.

Турнирде алтын медальды Батырхан Тілеуғали жеңіп алды.

Алтыншаш Ыдырыс, Абдолла Әбілқасым, Димаш Нұрқожаұлы, Аяулым Сапаралиева, Еркебұлан Еңсегенов, Теміржан Тасқын күміс жүлдегер атанды.

Қола жүлдені Аида Тәукенова, Рамина Таирова, Өлібек Нұрғазы, Ерболат Хасан, Нұрасыл Қуандық, Әділ Тілеуғабылов, Нұрай Қазнабек, Әнуар Махамбекәрімов иеленді.

ДЖИУ-ДЖИТСУ

Маңғыстаулық Әбу-Бәкір Жәнібек джиу-джитсудың файтинг бағдарламасында әлем чемпионы атанды. Моңғолия астанасы Ұланбатыр қаласында джиу-джитсудан әлем чемпионаты өтіп жатыр.

ӘБУ-БӘКІР –
ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Әлем біріншілігіне 41 мемлекеттен 500-ден астам спортшы келіп, бақ сынауда. Әлем чемпионатында ұлттық құрама сапында маңғыстаулық 7 спортшы бақ сынады. 62 келі салмақта Әбу-Бәкір Жәнібек алтын жүлде алса, күміс жүлдені колумбиялық спортшы, қола жүлдені швециялық спортшы және қазақстандық Аслан Қанатбек иеленді. Осыған дейін Әбу-Бәкір ересектер арасында әлем чемпионатының 5 дүркін қола жүлдегері болып, 2023 жылы әлем чемпионы атанды.

Сондай-ақ, спортшы ақпан айында Бангкокта (Тайланд) джиу-джитсудан Азия чемпионы атанған болатын. Әлем чемпионаты 15 шілдеде басталды. 21 шілдеге дейін жалғасады.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



● ТРАНСПЛАНТОЛОГИЯ

ДОНОР ӨМІР СЫЙЛАДЫ

Іргелі орталық Алматы дәрігерлеріне алғыс айтты

Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметтерді үйлестіру жөніндегі республикалық орталық өз қызметін тәулік бойы үйлестіру режимінде жүзеге асырады. Бұл әлеуетті донорларды анықтауға байланысты жағдайларға барынша жедел ден қоюға мүмкіндік береді.



Орталықтың транспланттауды үйлестірушілерінің үздіксіз бақылауының арқасында қолайлы донорларды тез анықтауға және транспланттаудың бүкіл процесін ұйымдастыруға болады.

Мәселен, жуырда, нақтырақ айтсақ, 12-13 шілдеге қараған түні Алматы қаласының №4 қалалық ауруханасында донор пайда болды. Жедел режимде Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-да ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталықпен бірлесіп 2000 жылы туған реципиентке жүректі транспланттау жүргізілді. Сонымен қатар, мұндай операция КИАҒЗИ-да алғаш рет жүргізілген.

Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында 28 жастағы пациентке бүйректі транспланттау бойынша операция да сәтті өткен. Әйелге бауырды транспланттау бойынша ота жасалды. Екінші бүйректі транспланттау Астана қаласындағы УМС КҚ-да 12 жастағы балаға жүргізілген. Бұл ем-шаралар пациенттердің өмірін сақтап қалуға ықпал етеді және ағза донорлығының маңыздылығын көрсетеді.

Бұл мәліметтерді ҚР Денсаулық министрлігі өзінің ресми парақшасында жариялады. Сондай-ақ, жанкешті кәсіп иелері – ақ халатты абзал жандарға алғыс айтуды да ұмытпады. Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметтерді үйлесті-

ру жөніндегі республикалық орталық Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына, біздің мегаполистеі №4 қалалық ауруханасының әкімшілігіне және барлық дәрігерге кәсібилігі мен жанашырлығы үшін алғыс білдірді.

Сонымен қатар, Алматы қаласы ЖПҚ мамандандырылған батальонының командирі, полиция полковнигі Жәнібек Өскембаевқа және мамандандырылған батальонның аға инспекторы, полиция капитаны Ермек Меңғалиевқа алып жүруді ұйымдастыруға көмектескені үшін ерекше алғысын жеткізді.

Ағзалар мен тіндерді транспланттау – бұл ауыр науқастардың өмірін сақтап қалуға және олардың өмір сүру сапасын жақсартуға қабілетті медицинаның маңызды саласы. Қазақстан Республикасында транспланттау қызметін жүзеге асыру осы мақсатқа қол жеткізуде орталық маңызға ие. ҚР ДСМ Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметтерді үйлестіру жөніндегі республикалық орталық осы қызметті ел аумағында үйлестіруге жауапты негізгі орган болып табылады. Орталық ел аумағында ағзалар мен тіндерді транспланттаудың барлық аспектісін үйлестіруді белсенді жүзеге асырады. Ол әртүрлі денсаулық сақтау мекемелерінің арасын-

дағы ынтымақтастықты орнатуда, донорларды іздеу және сәйкестендіру процесін үйлестіруде және транспланттау ем-шараларының қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Орталық қызметінің арқасында көптеген пациенттің өмірін сақтап қалуға ықпал ететін ағзалар мен тіндерді транспланттау операцияларын жүргізуде маңызды нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл саланы одан әрі дамыту мемлекеттік және медициналық органдардың, сондай-ақ жұртшылықтың тарапынан тұрақты ынтымақтастық пен қолдауды талап етеді. Халықтың ағза донорлығы туралы хабардарлығын арттыру және бұл әрекеттің өмірді сақтап қалу үшін маңыздылығын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет дейді мамандар.

Бұл сала транспланттау қызметін одан әрі дамыту жаңа технологияларды үнемі жетілдіруді және енгізуді, сондай-ақ транспланттау саласындағы басқа елдермен қамтамасыз етуді және ынтымақтастықты ұйымдастыру желісін әлі де кеңейтуді талап етеді. Осы салада тиімді және этикалық тұрғыдан дұрыс жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін құқықтық және ұйымдастырушылық базаны жақсарту жұмыстарын жалғастыру да маңызды.

● ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАН

«Яндекс.такси» арқылы инватакси шақырта алады



Алматы қаласы әкімдігінің бастамасымен және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен «Яндекс.такси» агрегаторы арқылы инватакси қызметтерін ұсыну жобасы басталды.

Бұған дейін мегаполисте қосымша қызметті қажет ететін адамдарды тасымалдау үшін арнайы көлік тапшылығы байқалған болатын.

Бұл жоба биылғы қыркүйекке дейін екі ай ішінде

пилоттық режимде іске асырылатын болады. Оң нәтижелері бойынша Еңбек министрлігі НҚА-ке тиісті өзгерістер енгізуді жоспарлап отыр.

Инватакси санын 100-ге жеткізу және жол құнын трафик пен ауа райының кез келген құбылысына қарамастан сағатын 2700 теңгеден 3300 теңгеге дейін ұлғайту үшін биыл жергілікті бюджеттен 946 млн теңге бөлінген болатын.

Мүмкіндігі шектеулі адамдар «Яндекс.такси» агрегаторы арқылы инватакси қызметін алуы үшін қолданыстағы инватакси жеткізушілері арқылы авторизациядан өтуі қажет («Inclusion.kz» ҚБ – кресло-арбамен қозғалатын мүгедек адамдар үшін (24 автокөлік); «ЦРУ Инватакси» ЖШС – кресло-арбамен қозғалатын балалар үшін (24 автокөлік); «Social Project Organization Group» ҚБ – аутизмді бар балалар үшін (14 көлік); «Денсаулық – зор байлық» ҚБ – көру қабілеті бұзылған балалар мен ересектерге арналған (балаларға арналған 16 автокөлік және ересектерге – 22) көліктер.

Авторизациядан өткен мүмкіндігі шектеулі жан-дар арнайы әзірленген «INVA» тарифі бойынша «Яндекс.такси» қосымшасы арқылы инватаксиге өзіне ыңғайлы уақытта өзі тапсырыс бере алады. Қызметтердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін екі мәрте жол жүру шектеуі бар. Инватакси қызметі жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленеді.

Пилоттық жобаның іске асырылуын үйлестіру және бақылау Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жүктелген.

● ШИПАГЕР

ХАЛЫҚТЫҢ ӨШПЕС МҰРАСЫ

Алматыда Қазақстан халық емшілері қауымдастығының ұйымдастыруымен «Халық шипагерлігінің өткені, бүгінгі, болашағы» атты халықаралық конгресі өтті. Онда халық емшілерімен бірге ғалымдар да сөз сөйлеп, халық медицинасының қазіргі замандағы қажеттілігі туралы ойларымен бөлісті.

Бүгінгі күні емшіліктің ерте заманнан, ата-бабамыздан келе жатқан кәсіп екенін жоққа шығара алмаймыз анық. Тұрғындар кейбір дерттерді емдеуге медицина қауқарсыз болғанда, халық емшілеріне жүгініп отырған. Сөйтіп, бойында ерекше қасиеті бар емшілер көз тию, ұшықтау, аластау, т.б. тәсілдерімен сырқатты ауруынан құлан-таза айықтырған. Сан ғасырлар бойы қолданыста келе жатқан халықтық емнің адамға еш залалы жоқ екенін өмірдің өзі дәлелдеп, көрсетіп отыр.

Халықтық ем – өшпейтін халықтық мұра. Қазақ енді осы бір бай мұрасын сақтап қалуға тиіс, қайта бұл саланы жоғалтпай дамыту керек. Жиын барысында халық шипагерлігінің заманауи тұрғыда дамып келе жатқандығы туралы кеңінен әңгіме қозғалды. Әсіресе, жан-жануарлардың майларымен, шөп дәрілермен жасалатын ата-бабамыздан келе жатқан дәстүрлі ем-шаралар қазақ халқының бай мұрасы ретінде сақталғандығы туралы ғылыми негізгі бар тұжымды ойлар айтылды. Біздің қауымдастық ұйымдастырған осы халықаралық жиынның маңыздылығы қазақ елінің шипагерлік саласының дамуында қарқын да, қолдау да бар екенін көрсетті.

Ең бастысы, қазақтың бай мұрасының пайдасын халық көруге тиіс екені кеңінен сөз болды, – дейді Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Халық медицинасының академигі, Қазақстан халық емшілері қауымдастығының Аймақ басшысы Жанболат Сәрсенбай.

Конгреске халық медицинасының мамандарымен қатар, арнайы шақырылған ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, алыс-жақын шетелден келген білікті емшілер, медицина саласының дәрігерлері, бас-аяғы 300-ден аса делегат қатысты. Еліміздің медицинасына еңбегі сіңген білікті дәрігері Тұрарбек Төлендиев, Халықаралық дәрежедегі шипагер Гүлмира Максұтбаева да сөз сөйлеп, ойларын ортаға салды.

Қазақстанның халық медицинасының ғылыми тұрғыда тұжырымдаған тұлға, профессор, академик, ғұмы-



рының 30 жылын шипагерлік саласына арнаған Зиядан Қожалымов іргесін қалаған Қазақстан халық емшілері қауымдастығы осы уақытқа дейін «Дәстүрлі емес халық медицинасы», «Халық медицинасының бақсылық өнері», «Қазақстан мен Орта Азиядағы халық емшілігінің өркендеуі», «Рухани және музыкалық шипагерлік» атты бірқатар конгресс-форум өткізген болатын. Бұл жолғы алқалы жиын да біраз мәселені талқылады. Атап айтсақ, XV ғасырдың ұлы шипагері Өтей-бойдақ ілімдері туралы кеңінен әңгіме өрбіді. Қытай елінен келген шипагер Құрал Қалиұлы шөптану негізіне сүйеніп, Отанымыздың таулы өлкесінде өсетін шөптерді емге пайдалану керектігіне назар аудар-ты. Түркиялық шипагер Аблимит Хидаят та шипагерлік саласы болашақтың еншісінде мықты дамитын болады дегенге тоқталып, Түркия еліндегі шипагерлік жайында баяндады.

Жиын соңында ел алғысына бөленген шипагерлерді Қазақстан халық емшілері қауымдастығының президенті, Халықаралық дәстүрлі медицина мамандары, психологтар мен емшілер қауымдастығының президенті, Халық медицинасы және ғарыштық қуат академиясының президенті Аршат Зияданұлы қауымдастықтың төсбелгілерімен, статуеткаларымен марапаттады.

● АЛҒАШҚЫ КӨМЕК



қобдишасының құрамын жаңартты. Бұл туралы министрліктің баспасөз қызметі мәлімдеді.

ДӘРІ-ДӘРМЕК

қобдишасында не болуы керек?

Біздің Денсаулық сақтау министрлігі медициналық алғашқы көмек көрсету үшін дәрі-дәрмек

«Түркия, Германия, АҚШ, Оңтүстік Корея және басқа елдердің халықаралық тәжірибесін талдап, зерделей, ескере отырып, дәрі-дәрмек қобдишасының құрамына мыналар кіреді: дәке таңғыштар, эластикалық бинттер, таңғыш пакет, медициналық бұласыр, дозал қайшы, металл, өкпені жасанды желдетуге арналған қалта маскасы, таңуға арналған бандаж, құтқару көрпесі, бір реттік мұз пакеті, ысқырық, шам, дәрі-дәрмек қобдишасына арналған футляр, блокнот, қарындаш, дымқыл майлықтар, қолғаптар, шендеуіштер және

зардап шеккен адамға медициналық алғашқы көмек көрсету бойынша пайдалану жөніндегі ұсынымдар», – дейді министрлік өкілдері.

Дәрі-дәрмек қобдишасы жеке қажеттіліктер мен сұранымдарға сәйкес пайдаланушының қалауынша толықтырылады.

Өнеркәсіптік нысандарда дәрі-дәрмек қобдишасының құрамы қолдану жөніндегі нұсқаулықпен қоса, зиянды немесе қауіпті өндірістік факторларға байланысты жарақатты шұғыл өңдеуге арналған құралдармен (антидоттармен) толықтырылады.



ФОРУМ ҚАРСАҢЫНДА

Басы ашық ақиқат, еліміздің бай-қуатты болуына, әлеуметтік-экономикасының өркендеуіне бұқаралық ақпарат құралдарының, яки медианың ықпалы зор. Ертеңгі басталатын «Туризм мен жаңа коммуникациялардағы БАҚ-тың маңызы» тақырыбындағы I халықаралық медиа және туризм форумына үміт артамыз. Редакциямыздың бүтінгі қонағы – «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ президенті, Қазақстандағы Әйел журналистер клубының жетекшісі, Медиа-тренерлер мектебінің директоры Нәзия ЖОЯМЕРГЕНҚЫЗЫ.

ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕНІП,
ЖАМАННАН ЖИРЕНУ КЕРЕК

– Нәзия ханым, жас та болсаңыз, сізді журналистиканың отымен кіріп, күлімен шыққан орақ ауыз, от тілді журналист ретінде білетінбіз. Әңгіме-міздің әлкисасын ертең басталғалы тұрған медиа-форумнан бастасақ. Шартаптағы тілші қауымның басын қосып, осындай ауқымды іс-шара өткізудегі мақсат не? Форум аясында нендей жоспар бар?

– Түркітілдес журналистер қорының басты мақсаты мен міндеті – әлемдік деңгейде дамуға көңіл бөлу. Дамыған елмен бірге оның бұқаралық ақпарат құралдары ілгері басып, көш түзейді. Әрбірден соң сол елдің өркен жаюына БАҚ-тың қосар үлесі мол. Сын түзелмей, мін түзелмейтіні сияқты, БАҚ та келешегі кемелді елдердің жанды бір бөлшегіне айналған. Абай атамыз «Болмасаң да – ұқсап бақ» деген. Сол айтқандай, біздің елдің бұқаралық ақпарат құралдарындағы журналист қауымы жержаһанға көз тігіп, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуі қажет. Алматы облысының орталығы Қонаев қаласында болатын I Халықаралық медиа және туризм форумы аясында туризм мен медианың өзара сабақтастығы, БАҚ-тың туризм индустриясын дамытудағы маңызы мен орны талқыланып, ортақ жобалар жайлы ақылдасамыз.

Елімізде өндірілетін тауарларды сатып алуға үндеу, инвесторларды қаржы құюға шақыру, кәсіпкерлеріміздің ортақ кәсіпорындар құруы, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы сияқты артта қалған салаларды дамытуда шаруалардың тәжірибе алмасуы, т.б. медиада үздіксіз жиі жариялануы қажет. Сонымен қатар, медиа ел мен ел арасындағы туризм саласының дамуына үлес қосқаны дұрыс. Мұхит аспай-ақ, бұ-

ған мысалды бауырлас ел түркі халықтарының топ басындағы Түркиядан келтіруге болар. Бұл елде туризм ұлттық экономиканың локомативіне айналған, туризм индустриясы өте жақсы дамыған, мол пайда тауып отыр. Керісінше, Орталық Азиядағы мемлекеттер сыртқы туризмді дамытуға қауқарсыз.

Форумға келсек, қатысушылар Алматыға жиналады, сосын Алматы облысының орталығы Қонаев қаласында іс-шара басталады. Келушілер көлікпен, 3 мезгіл тамақпен, қонақүймен қамтылған. 21 шілдеде таңғы астан кейін, ертелетіп Көлсай, Шарын шатқалы, Қайыңдыға пресс-тур-

Нәзия ЖОЯМЕРГЕНҚЫЗЫ:

МАҚСАТЫМЫЗ –
ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫН

мен жол тартамыз. Есік қаласы маңындағы «Алтын адам» аспанастаны мұражайында боламыз. 22 шілдеде таңертең «Әуе шарлар фестивалі» күтіп тұр. Бұл да болса, Тәңіртауда таңның атуын тамашалауға бір мүмкіндік.

Форумды ұйымдастырушы – «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ, басты серік-

тестеріміз – ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Алматы облысының әкімдігі. Аталған ведомстволар мен әкімдіктерге алғысымыз шексіз.

– Медиа мен туризм – егіз ұғым деуге болады.

– «Бармасаң, келмесең – жат боларсың» деп қазақ бекер айтпаған. Сол айтпақшы, өзімізді-өзіміз танымасак, танытпасақ, өзге жұрт бізді қайдан білсін. Өзімізді-өзіміз жаттай сыйласак, жат жанымыздан түзілмей ме. Ертеңгі қолға алынар шараның алғы мақсаты осы. Мемлекет тарапынан көп шаралар атқарылып жатса да, нәтижесі аз. Исі түркінің Атажұрты саналатын Қазақстанда сырттан келетін туристер үшін қызықтайтын жер көп: киелі Түркістан қаласы, Ахмет Ясауи кесенесі, Арыстан баб кесенесі, Қызылордадағы Қорқыт ата кесенесі, Көкшетаудағы Бурабай, Алматы облысындағы Тамғалы тас, Көлсай... Айта берсең, өте көп. Біздің елде ішкі туризм дұрыс жолға қойылмаған. Шекара сыртынан келетін туристер саны тым аздығы осыған дәлел. Бұл олқылықтың орнын толтыруда туризмге қатысты ортақ жобалар – таптырмас құрал.

БАСТЫ МАҚСАТ – ТҮРКІ
ЖАСТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ

– Нәзия Жоямергенқызы, түрік тіліне деген ынта-ықыласыңыз қалай пайда болды? Қазақ журналистикасы, түркі

бірлігі, түркі ақпараттық кеңістігін қалыптастыру идеясы жөнінде жинақтанған мол тәжірибеңізбен бөлісе отырсыңыз.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінің I-курсанда оқып жүргенде түрік тілін үйрене бастадым, кейін өз бетімше дамытым. Осыдан 10 жылдай бұрын Түркітілдес журналистер қорын құрғаннан кейін түрік тілі өзім күнделікті қолданатын 3 тілдің қатарына қосылды. 2016 жылы «Тілде, пікірде, істе – бірлік» деп ұрандаған түркі жастары Солтүстік Кипр аралында бас қосқан. Солтүстік Кипрдің Кирия қаласында өткен I Түркі жастарының форумы түбі бір түркі мемлекеттеріндегі жас буын өкілдерінің басын қосты. Басты мақсат – түркі жастарының бірлігі. Қазақстандағы «Түркітілдес журналистер қорының» атынан сөз алған біз түркі журналистерінің бірлігін арттыруға көңіл бөлдтік.

– «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ президентісіз. Осы тұрғыда сөз сабақтасңыз.

– «Түркітілдес журналистер қоры» 2014 жылдың 11 қарашасында құрылды. Қордың жанынан ашылған Жас журналистер мектебі, Әйел журналистер клубы, Медиа-тренерлер мектебі бар. Басты мақсат – түркі елдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен ынтымақтастық орнату, кәсіби бірлікті күшейту, ортақ жобалар арқылы тәжірибе алмасу. 2017 жылы Түркияның Бұрса қаласындағы ASGD



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«АРТ-ТЕРАПИЯ»

Өтетін орны:
«Яблоко»
шығармашылық
академиясы (Айманов
көшесі, 126-үй, 405-
офис).
Күні мен уақыты:
20 шілде, сағат 19.00.
Жас санаты: 18+.



«ЧЕМАДАМ»

Өтетін орны:
«Альянс-театр 2act»
(«Самал-3»
ықшамауданы, 1-үй).
Күні мен уақыты:
22 шілде, сағат 11.00.
Жас санаты: 3+.

«МАЙЯ АРАМЕН
КӨҢІЛДІ САЯХАТ»

Өтетін орны:
«La Bohème» театры
(Зенков көшесі, 24-үй).
Күні мен уақыты:
22 шілде, сағат 12.00.
Жас санаты: 2+.





(Anadolu Spor Gazeteciler Dernegi) қорымен бірігіп, «Стамбұл-Бұрса-Аланья» жобасын ұйымдастырдық. Шараға Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Татарстан, Германия, Франция, Дания елдерінен келген журналистермен бірге Алматы, Астана, Шымкент, Ақтау қалаларынан мамандар қатысқан болатын.

Осыдан алты жыл бұрын Стамбұл қаласында І Түркітілдес журналистердің медиа-форумын өткіздік. Аталған шараға Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Татарстан, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б. түркі елдерінен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып, түркі журналистеріне тән қиындық пен мүмкіндік, ортақ жобалар туралы кеңесті. Былтыр Алматы қаласында осы форумның екіншісі ұйымдастырылды. 2023 жылы ІІІ Түркітілдес журналистер медиа форумы Астанада өткізіледі. Басты серіктесіміз – «Шеврон» компаниясы.

Қазір Қазақстанда халықтың қаржылық сауаты төмен. Іскерлік журналистика, қаржылық журналистика дұрыс дамымаған. Осы мақсатта, Түркітілдес журналистер қоры 2017 жылдан бері «Halyk Bank» АҚ серіктестігінде «Еркін сөз» шығармашылық байқауын ұйымдастырып келеді. «Еркін сөз» – Қазақстанда бірнеше жылдан бері қаржы және қаржылық сауат тақырыбына өткізілетін жалғыз байқау. Қазақ журналистикасының дамуына, бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің сапасы мен журналистердің кәсіби біліктілігінің артуына «Түркітілдес журналистер қоры» лайықты үлес қосуда. Солардың бірі – салалық журналистиканы дамыту мақсатында әр тақырыпқа ұйымдастыратын семинар мен вебинарлар. «Шеврон» компаниясы-



раттық манипуляцияны анықтау мақсатында Алматы, Астана, Шымкент, Қостанай қалаларында семинар-тренингтер өткіздік.

САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫ ДАМУЫ ҚАЖЕТ

– Қазақ журналистикасының бас ауыртар мәселесі – салалық журналистиканың дамымауына қатысты не деріңіз бар. Осы мәселенің түйінін тарқатуға сіз басқаратын қор қалай үлес қосуда?

– Иә, еліміздегі салалық журналистиканың дамымауы өз кезегінде көптеген мәселелердің туындауына түрткі болуда. БАҚ өкілдерінің басым бөлігінің әлі күнге дейін «әмбебаптық» ұстанымнан арыла алмай келе жатқаны – кәсіби тұрғыдан әлсіздігін көрсетеді. Әріптестеріміздің көпшілігі таңертең саясаткерден сұхбат алып, түсте сәулетшімен кездесіп, кешке шоу-бизнес өкілдерімен өнер саласын талқылайды. Ертесі күні басқа салалардың өкілдерімен өз жұмысын жалғастыруға мәжбүр. Бір саланы жіті зерттеп, терең меңгеру жоқ. Бұл – дұрыс емес. Қазіргі нарықта өз орнын таппағандар бәсекелестік көшіне ілесе алмайды. Осы орайда, Түркітілдес журналистер қоры салалық журналистиканы дамытуға көңіл бөледі. Түрлі тақырыпқа ұйымдастырылатын шараларда белгілі бір саланың білікті мамандары медиа-тренинг ретінде шақырылып, өзінің білім-білігімен бөлісуде.

– Медиа-тренингтің (қазақ тілді) аздығы бұл іске қолбайлау емес пе. Жалған ақпаратпен күрес қалай жүреді?

– Осындай олқылықтың орнын толтыруға Түркітілдес журналистер қорының жанынан ашылған Медиа-тренингтер мектебі сүбелі үлес қосуда дер ем. Мақсат – кәсіби тұрғыда мықты мамандарды қордың ұйымдастыруымен өткізетін семинар, тәжірибелік сабаққа медиа-тренинг ретінде тарту. Қазір Медиа тренингтер мектебінің құрамында Қазақстанмен бірге Еуропа, Түркия, Орталық Азия елдерінен білікті мамандар дәріс оқып жүр.

– Жас журналистер мектебінің жайы қалай?

– Түркітілдес журналистер қорының жанынан Жас журналистер мектебі ашылған. Мектепте балалар журналистика жанрларымен қатар, шешендік өнер, көсемдік қасиет, сөздік қорын байыту, жаңа медиа, оның ішінде әлеуметтік желілердегі белсенділік, сайтқа мақала салу, сурет, аудио және видео жүктеу, YouTube арнасымен жұмыс істеуді үйренеді. Жас журналистер мектебінің балалары еліміздегі және шетелдердегі тарихи жерлерге экскурсия жасап, редакцияларға пресс-турға қатысуда.

Жас тілшілер Самарканд пен Ташкент қалаларында болып, тарихи орындарды аралап, көкейге көп нәрсені түйіп қайтты. Тәшкеннің төріндегі Төле би атамның кесенесіне барып, Құран бағыштап қайтты. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Самарканд, мәшһүр қолбасшы Әмір Темірдің кесенесіне де арнайы барды. Алдағы уақытта Түркия, Әзербайжанмен бірге Еуропа елдеріне пресс-тур жоспарланған. Оны уақыт көрсетеді.

– Емен-жарқын әңгімеңізге алғыс айтамыз. Үмітін үкілеген форум жұмысына сәттілік тілейміз.

– «Ақшамдық» әріптестеріме шынайы шығармашылық тілеймін. Ойлы оқырман молайсын!

20.00 Дисней ұсынады. ТҰСАУКЕСЕР! «ЖАН». Мультфильм (АҚШ, 2020 ж.)
21.30 «Көңіл толқыны»
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.25 «Күйеу бала-2». Телехикая. (с субтитрами)
3.40 «Арғықазақ мифологиясына сапар». Деректі фильм
4.10 «Өзекті»
4.30 «Шаңырақ»
4.50 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Кел, шырқайық»
07.00 «Қарақатпен шай»
08.00 Концерт. «Отаным менің» Саят Медеуов
10.00 Мегахит. «Приказано. уничтожить»
12.00 Мультфильм. «Почтальон Пэт»
13.30 «StartUp KZ»
14.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
14.30 «Қызық times»
16.00 «Алғашқы»
17.00 Телехикая марафоны. «Тракторшының махаббаты»
19.00 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
21.00 Мелодрама. «К чуду»
23.15 «Әке бақыты»
00.15 «Төрлетіңіз»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «Күліп ALL»
08.30 Мультсериал «Маша и медведь»
09.00 «Теннис-шоу» (повтор)

09.30 Готовим с Адель (повтор)
10.00 Д/ф «Эврика»
10.40 «Алдараспан»
12.30 КИНО. Митхун Чакраборти в драме «Танцуй, танцуй»
15.30 Анимационный фильм «Семейка Адамс»
17.30 КИНО. Лили Джеймс, Кейт Бланшетт в фэнтези «Золушка»
19.50 КИНО. Том Холланд, Марк Уолберг в приключенческом боевике «Анчартед. На картах не значится»
22.30 КИНО. Со Ин-гук в хоррор боевике «Корабль в Пусан»
01.10 «Bizdin show»
02.50 1001 Әзіл
03.00 What's up?
04.00 BALA BATLLE
04.30 Тамаша live
05.00 Әзіл студия

ТВ ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.45 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.45 «СЕВЕРНОЕ СИЯНИЕ». Многосерийный фильм «ТАЙНЫ ОГНЕННЫХ РУН»
10.55 Мария Куликова в многосерийном фильме «ПАРФЮМЕРША 2»
15.00 «QOSLIKE» бағдарламасы
19.00 Серафима Низовская, Александр Ратников в многосерийном фильме «ЗАМКНУТЫЙ КРУГ»
23.00 Премьера. Церемония вручения премии «ШАНСОН ГОДА 2023»
1.45 «МИССИС УИЛСОН». Телехикая
2.50 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.35 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 5.00

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/п «Жұлдыздың жары»
07.30 Salem Qazaqstan
09.00 Т/п «Измайловский парк»
11.20 X/c
15.30 Т/п «Битва поколений»
17.00 X/c «Черная месса»
21.00 X/c
01.00 Salem Qazaqstan
02.30 Т/п «Жұлдыздың жары»
03.00 Келесі кім?
04.00 Т/х «Япырай»
04.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.15 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «МӘССАҒАН»
07.30 «АЛТЫН БАҚ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ»
08.50 «КТКweb» (қайталау)
09.20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
09.50 «СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО»
10.50 «МОЙ ЛЮБИМЫЙ ДРУГ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы (қайталау)
19.00 «ШАНШАР»
21.00 «ДВОЕ НАД ПРОПАСТЬЮ», детективная драма (худ.сериал)

01.10 «СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО», (повтор)
02.00 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ» (қайталау)
02.40–
05.00 «ШАНШАР» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

06.50 Өнұран
06.55 «THE RING», 6-бағдарлама.
Абылайхан Хұсайынов
07.25 ВОДНЫЕ ВИДЫ СПОРТА. Чемпионат Мира. Плавание. Прямой эфир
10.20 ФУТБОЛ. «Доп дода» бағдарламасы. Тікелей эфир
11.00 ТЕННИС. Президент Кубогы. Challengers 50. Тікелей эфир
13.00 ТЕННИС. Президент Кубогы. Challengers 50. Тікелей эфир
15.00 ТЕННИС. Президент Кубогы. Challengers 50. Тікелей эфир
16.55 ВОДНЫЕ ВИДЫ СПОРТА. Чемпионат Мира. Плавание. Прямой эфир
19.20 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
19.55 ФУТБОЛ. Товарищеский матч. «Super Bol» – «QJ League». Прямой эфир
22.00 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
22.25 ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ГИМНАСТИКА. Кубок Мира. 2-часть
00.35 «Белбеу күресінен байрақты бәсеке». Арнайы репортаж
00.55 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркетай»
7.40 Анимация. Отандық / «Сақалар»
8.00 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
8.50 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
9.05 «Бала ғой» юморлық бағдарлама.
9.15 «100% қасқыр» Мультхикая.

9.40 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.05 «Алтын сақа» танымдық бағдарлама.
10.15 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
10.20 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
10.45 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
12.35 «Qazaqstan дауысы. Балалар» мега жобасы. (қайталау)
14.10 «Бала ғой» юморлық бағдарлама.
14.25 Анимация. Отандық / «Еркетай»
15.00 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
15.15 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
15.25 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.40 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
16.30 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
17.05 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.30 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.45 «Лесси» Мультхикая.
18.15 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
18.30 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
18.45 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
19.10 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.55 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
20.00 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
20.10 Анимация. Отандық / «Еркелер»
20.35 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
21.00 Анимация. Отандық / «Сақалар»
21.20 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 «Лесси» Мультхикая.
22.40 Анимация. Отандық / «Қызыл мен Күлгін»
22.55 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»

23.10 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Осман 2» түрік телехикаясы
10.00 «МногоДеДный» Худ. фильм
11.50 «Шімән апаның хикаялары»
15.00 «Позднее раскаяние» телесериал
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Аташка на хайпе» Худ. фильм

TALIM TV TALIM TV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Латын
08.40 Менің анам, менің әкем
09.00 Ғибратты ғұмырлар
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 «Біздің жанұя» – мультфильм
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Жиырма бесінші сағат
13.24 Dental planet
13.30 Идея
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «La Gazette»
16.20 Ұлттық спорт
17.00 Сау болайық
17.10 Views
18.20 Әжемнің әңгімесі
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
18.50 Сау болайық
19.00 Автопортрет
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Емен-жарқын
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 YouTube Times
22.20 Пруст сауалнамасы
23.00 Views



«ОТАНЫМ МЕНІҢ» Саят Медеуовтің концерті.
«ХАБАР» арнасы. Сағат 8.00-де.

ЖЕКСЕНБІ
30 ШІЛДЕ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Концерт
8.00 Мультфильмы
9.40 Детский кино клуб
11.00 Отандық кино
13.00 Концерт
15.00 Женский кино клуб
19.00 Үздік әзілдер
20.00 Шешімі бар
22.00 Мужское кино
0.00 Концерт
1.00 Әмір иірімі
1.40 Дала сазы
2.05 Алматинские истории
2.30 Алматинские каникулы
2.40 Алматы кеші
3.25 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 «Күміс көмей»
7.15 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8.00 «Aqsaуut»
8.25 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жазықсыз жүрек». Телехикая.
12.00 «Махаббатым». Серік Ибрагимовтың концерті
14.00 «Текетірес». Телехикая.
3, 4-бөлімдері
15.40 Дисней ұсынады. «Жан». Мультфильм (АҚШ, 2020 ж.)
17.10 «Бірегей»
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая.
20.00 «ДАРА». Ұлттық білім бәйгесі
21.10 «Көңіл толқыны»
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
(с субтитрами)
23.25 «Күйеу бала-2». Телехикая.
(с субтитрами)
3.40 «Aqsaуut»
4.00 «Жәдігер»
4.20 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Кел, шырқайық»
07.00 «Кім мықты?»
08.00 Концерт. «Табиғатым-махаббатым». Ұлықпан Жолдасов
10.00 Мелодрама. «К чужу»
12.00 Мультфильм. «По ту сторону океана»
13.30 «Балақай»
14.15 «Эрекет»
14.45 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
16.30 Телехикая марафоны. «Шашу»
17.30 Телехикая марафоны. «Тракторшының махаббаты»
19.30 «Jup-jubutep»
21.00 Мегахит. «Ночная бригада»
23.00 «Төрлетіңіз»
00.00 «Әсем әндер»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.10 КИНО. Митхун Чакраборти в драме «Танцуй, танцуй» (повтор)
09.00 «TeleBingo» прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 «Теннис-шоу»
10.20 Д/ф «Эврика»
11.00 Анимационный фильм «Звездный десант. Вторжение»
13.00 Анимационный фильм «Семейка Адамс» (повтор)

15.00 КИНО. Лили Джеймс, Кейт Бланшетт в фэнтези «Золушка» (повтор)
17.10 КИНО. Том Холланд, Марк Уолберг в приключенческом боевике «Анчартед. На картах не значится» (повтор)
19.50 КИНО. Крис Пайн, Зои Салдана в фантастическом боевике «Звездный путь»
22.40 КИНО. Арнольд Шварценеггер в боевике «Вспомнить всё» (повтор)
01.20 КИНО. Со Ин-гук в хоррор боевике «Корабль в Пусан» (повтор)
03.00 Әзіл студия
03.30 1001 Әзіл
03.40 Ризамын
04.20 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.45 «П@УТИНА» бағдарламасы (түнде қайталау)
8.45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
8.55 «ПОЕХАЛИ!»
9.45 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
10.45 Мария Куликова в многосерийном фильме «ПАРФЮМЕРША 3»
14.45 «ЗАМКНУТЫЙ КРУГ». Многосерийный фильм Илья Любимов, Мария Андреева в фильме «ПОСЛЕДНИЙ ВАГОН. ВЕСНА»
21.00 Александра Сизоненко, Павел Вишняков в многосерийном фильме «НАСЕДКА»
1.05 Ночной кинотеатр. «72 МЕТРА»
3.15 «П@УТИНА» бағдарламасы
4.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 5.00

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/п «Құтты қонақ»
07.30 Salem Qazaqstan
09.00 Т/п «Юморина»
12.00 Х/с
16.20 Х/с «Улики из прошлого. Индийская невеста»
20.30 Х/с
00.40 Jaidarman
01.40 Т/п «Құтты қонақ»
02.20 Т/х «Япырай»
02.50 Келесі кім?
03.20 Т/п «Жеңіп көр»
04.50 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ»
07.50 «ӘН МЕН ӘНШІ»
09.40 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа
10.40 «ДВОЕ НАД ПРОПАСТЬЮ», детективная драма (повтор) (худ.сериал)
15.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы (қайталау)
19.00 ҚАЙРАТ НҰРТАСТЫҢ ӘН-КЕШІ
21.00 «ЖЕНСКИЙ ПРИГОВОР», детективная драма (худ.сериал)
00.50 «НЕ ЕГИПТЕ МНЕ МОЗГИ», казахстанское кино (худ.фильм)
02.25 «БЫЛО ДЕЛО»
03.10 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ» (қайталау)

04.00–
05.00 ҚАЙРАТ НҰРТАСТЫҢ ӘН-КЕШІ (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

05.50 Өнұран
05.55 КӘСІПҚОЙ БОКС. Эррол Спенс – Теренс Кроуфорд. Тікелей эфир
11.00 ТЕННИС. Президент Кубогы. Challengers 50. Тікелей эфир
13.05 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
13.40 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
14.10 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер). Финал
16.25 «THE RING». 7-бағдарлама. Әділбек Ниязымбетов
16.55 ВОДНЫЕ ВИДЫ СПОРТА. Чемпионат Мира. Плавание. Прямой эфир
17.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Мақтаарал» – «Тобыл». Тікелей эфир
19.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Атырау» – «Жетісу». Тікелей эфир
22.00 ФУТБОЛ. Чемпионат Европы среди девушек U-19. Финал. Прямой эфир
23.30 ФУТБОЛ. Программа «Тур по туру». Прямой эфир
00.10 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
00.40 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркетай»
7.40 Анимация. Отандық / «Сақалар»
8.00 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
8.50 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
9.15 «Норм және оның айнымас достары. шытырман оқиға»

толықметражды мультфильм.
10.45 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
12.35 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
12.50 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
13.05 Анимация. Отандық / «Еркелер»
13.30 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
13.45 «100% қасқыр» Мультхикая.
14.10 «Бала ғой» юморлық бағдарлама.
14.25 Анимация. Отандық / «Еркетай»
15.00 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
15.15 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
15.25 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.40 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
16.30 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
17.05 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.30 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.45 «Лесси» Мультхикая.
18.15 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
18.30 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
18.45 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
19.10 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.55 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
20.00 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
20.10 Анимация. Отандық / «Еркелер»
20.35 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
21.00 Анимация. Отандық / «Сақалар»
21.20 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 «Норм және оның айнымас достары. шытырман оқиға» толықметражды мультфильм.

23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Осман» түрік телехикаясы
10.00 «Самоотверженная любовь» Индийское кино
13.20 «Алдараспан»
17.20 «Базар жоқ, Мексика!» Худ. фильм
19.20 «АШЫ ШЫНДЫҚ» тележоба
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Жұлдызбысың?» бағдарламасы
01.10 «Астана кеші көңілді»

TALIM TV TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айтас. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 «Баланы бала деменіз»
11.00 Қазақ спортының классикасы
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 ТамашаLike
13.00 «Қажымұхан» – мультфильм
13.24 Dental planet
13.30 Қазақы әңгіме
14.20 Өнер қырандары
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Жанұя» – Таласфильм
17.00 Сау болайық
17.10 Бір дубль
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Сырласайық
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.25 Айтас Strike
22.20 Фибратты ғұмырлар
22.55 Views



Серік Ибрагимов
“МАХАББАТЫМ”
атты концерті

Backstage

«МАХАББАТЫМ» Серік Ибрагимовтің концерті.
«ҚАЗАҚСТАН» арнасы.
Сағат 12.00-де.



● ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

АПОРТТЫҢ АРҒЫ АТАСЫ

немесе атамекеніне оралған алма

1913 жылы Мәскеуде тарихтың төрінен орын алған ұмытылмас оқиға болды. Жоғарыдағылардың жаңаша жүре алмайтыны, төмендегілердің ескіше тұра алмайтыны әлсін-әлсін хабар беріп жүрген кез. Патшалы Ресей тарихында ең соңғы үлкен той болып өтті. Романовтар әулетінің тұғырдан таймай, таққа отырғанына 300 жыл толған. Үш ғасырлық осы торқалы тойда қазақтардың төбесі көкке бір елі жетпей қалды.



ЖАБАЙЫ АЛМАҒА 50 МИЛЛИОН ЖЫЛ БОЛДЫ

Әлемдегі ең үлкен империяны ғасырлар бойы уысында ұстап келген Романовтар әулеті ол кезде барлық құрметке лайықты еді. Патша ағзам өткізген ұлан-асыр тойда жан-жақтан Мәскеуге келген сый-сияпатта шек болмады. Алайда, қазақ топырағынан барған тартудың орны бөлек болды. Ол кәдімгі алма болатын.

Алма болғанда қандай! Атты кісі аттан түсіп, жаяу жатып қарайтын еді. Алматы апортының даңқы осы сәтте бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп өтті. Тойға қазақ жерінен 30-дан астам адам барған болатын.

– Біздің қазақтың үш жүзінен барған ақсақалдар патша тойына Алматының апортын алып барған. Оның әрқайсысының салмағы 1 килограмм 200 грамм – 1 килограмм 300 грамнан шыққан еді. Тойға жиналған қауым сол жерде өлшеп көріп, Алматының алмасына таңқалысады. Небәрі 300 грамның айналасындағы өздерінің «Антоновка» сияқты алмаларын ғана көріп жүрген жұрт риза болғаны соншалық: «Мұны біздің патшамыздың құрметіне «Александра» деп атайық!» дейді сол жерде. Сөйтіп, біздің Алматының апорты сол атқа ие болып шыға келді. Негізі, апорт алмалар Қырғызстанда да бар, біздің елімізде де бар, басқа жерде де болуы мүмкін, бірақ нағыз апорт, өзінің топырағын тапқан апорт – Алматының апорты, – деген еді ғалым-биолог Құнанбай Ысмағұлов.

Алматы апортының тарихы адамның басын айналдырғандай еді. Ол араға миллиондаған жылдар салып, атамекеніне қайта оралған алма ағашының жемісі. Жер шарын шыр айналып шыққан алма ағашы, ақырында, өз топырағын қайта тапқан. Ол – алмалы Алматының айналасы болатын.

Әр нәрсенің де отаны болады. Бұл орайда біздің қазақ мақтана алады, әлем ғалымдарының айтуынша, есте жоқ замандардан бері жасап келе жатқан алма ағашы басқа жерлерге о басында қазақ жерінен барған. Оның мұнда, біздің аймақта өсе бастағанына 50 миллион жыл болды. Оны ғалымдарымыздың өздері айтып отыр.

– Қазіргі Қазақстан жерінде керемет алмалардың өсетіндігін қытайлар 1240 жылдан бастап жаза бастаған, сондай-ақ алма тұқымының осы жерден таралғанын да айтқан. Ал біздегі жабайы алмалар осыдан 50 миллион жылдай бұрын да осында өскен, жер жүзіне осы өңірден тараған. Жабайы алманы ешкім қолдап, қорғап отырмайды, ол өзі дарвинизмнің эволюциялық даму заңдылығындағыдай, өзін-өзі сақтап, табиғи сұрыпталып,

дамып жетіліп, таралып отырған. Мұны біздің лабораторияда Ботаника институтының ғалымдары әлемдік деңгейде зерттеп, дәлелдеп берді, – деді, әңгіме арасында марқұм, ҰҒА академигі, биолог-ғалым Аймақ Жанғалиев біздің ғалымдарымыздың қол жеткізген жетістіктері жайында.



БІЗДЕ ЖАБАЙЫ АЛМАНЫҢ 131 ТҰҚЫМЫ БАР

Апортқа қатысты естен шығаруға болмайтын жәйттер де бар. Ол Алматыда әлімсақтан өседі. Жалпы, Алматының тарихын жақсы білетін адам оның алмасы жайында айтпай тұра алмайды. Көне заманда Алматының «Алмалы» деп аталғаны да тегін емес. Ал оның бір кездері «Верный» деп өзгеруі патшалы Ресей зорлық-зомбылығының ғана айғағы болып қалғанын бұл күнде елдің бәрі біледі. Алматы апортының берідегі тарихы да осы тұспен тікелей байланысты. Оны сырттан келіп қоныстанушы келімсектер өздерімен бірге қайта ала келген. Алайда, бұл әңгіменің өзі жабайы алмадан бастау алады.

– Біздің жерімізде жабайы алманың 131 тұқымы бар, барлық алма түрі біздің жерден ғана тараған. Мынаған көңіл бөлу керек: Оксфорд университетінен келген ғалымдар бізбен бірге бір жыл жұмыс істеді. Оларда, жалпы ағылшындарда алманың 2500 сорты бар деп есептеледі. Осында келіп, бізбен араласып, менің еңбектеріме қарап жұмыс істегенде өздері түсінді, барлық сол 2500

сорттың бәрі осы Жоңғар, Іле Алатауының бойынан тараған, дамып жетілген түрлер еді. Ал оны о баста бірінші тапқан Иван Сиверс 1796 жылы қыркүйекте біздің Алакөлге келіп, Тарбағатай тауының Үржар маңындағы керемет өсіп тұрған алмаларды көріп: «Мұндай алманы бұрын еш жерде кездестір-

ген емеспін», деп жазып, дүние жүзіне мәлім етті. Ол алманың сорты, сөйтіп, сол кісінің атымен аталып кетті. Одан кейін Қырғыздың жабайы алмасы, сосын қызыл алма – жабайы алманың осы үш түрі белгілі болды. Ең қызығы, алма біріне-бірі ұқсаған жоқ, – деп қайырды академик ағамыз әңгімесін.

Алма туралы айтқанымызда, тіл ұшында оңтүстік астанамыздағы Ботаника бағы тұрады. Өйткені, алманың әрбір жаңа сорттарының дүниеге келуіне осы ғылыми-тәжірибелік орынның ерекше қатысы бар. Жалпы, Ботаника бағында өсімдіктің 7 мың түрі өсіріледі. Оның 450-і дәрі-дәрмек жасайтын, ал 400-дейі құрып бара жатқан өсімдіктер.

– Бұрынғы кездің өзінде жоғары жақтан келген ғалымдар таңқалысып «Оу, мынаны қайдан алғанысыздар, бұл тіпті бізде – Мәскеуде, Ленинградта жоқ қой» деп жататын. Шындығында, біздің Ботаника бағы үшінші-төртінші орыннан түскен жоқ еді. Мәскеу, Ленинград, Киев қалаларындағы Ботаника бақтары ғана бізден сәл ілгерілеу болатын, алайда оларда жоқ, олар қол жеткізе алмаған өсімдіктер біздің бақта жайқалып тұрды.

Соның ішінде алманың әртүрлі сорттары да бар. Сондай сирек кездесетін өсімдіктердің бірі, мысалы, спрынтус еді (тобылғы сияқты). Ол біздің Қаратауда ғана кездеседі. Бұл өсімдікке өз уақытында атақты Темірлан қатты қызығып, арнайы қолға алып Самаркандта өсірмекші болған. Ол туралы Борис Александрович Быков деген академик өзінің зерттеу еңбегінде жазған.

Осындай тағы бір бағалы өсімдіктің бірі, мысалы, Тянь-Шань шыршасы, яғни өзіміз күнде көріп жүрген шырша. Бұл бізде көп болғандықтан, бағасын біле бермейміз, әйтпесе бұл Жерорта теңізінде өсетін өсімдіктерге қарағанда әлдеқайда бағалы. Оның ағашы, оның адамзатқа беріп отырған ауасы (кислород), тіпті, айта берсе көп. Басқасын қойғанда, одан алынатын спирттің өзі бағалы болып табылады, қаланы көгалдандыру қолға алына бастаған кездері Ботаника бағы алдымен осы ағашты көп отырғызуды қолға алып еді, – деді өз саласын жетік білетін биология ғылымының кандидаты Сабыр Түрдиев Алматының айналасында, осындағы Ботаника бағында өсетін өсімдіктер туралы қызықты әңгімесінің арасында.

БИІКТЕ ӨСКЕНДЕ ҒАНА НАҒЫЗ АПОРТ БОЛА АЛАДЫ

Ал алманың о басында қазақ топырағынан тарағанын біздің ғалымдарымыз дәлелдеп берген. Араға талай ғасырлар салып, бір елден екінші елге көшіп жүрген алма ағаштары Жер шарын шыр айналып шыққан. Алматының апорты деп танылған алма ағашының тарихы да солай.

– Ол бұрын Еуропада өсіп, содан Ресейге келді. Бірақ ол жерде азғантай ғана сорттары болды ол кезде. Одан 1904 жылдардың айналасында елімізге келіп жатқан келімсектердің бірі, өте ұқыпты шаруаның бірі Редько деген кісі Алматыға ала келген. Ол ғана емес, Моисеевтер отбасы да дәл осылай өздерімен бірге алма ағаштарының көшеттерін ала келіп, Алатаудың бауырына отырғызған. Бұл жемістер кейін жақсы өнім беріп, қып-қызыл, тәп-тәтті кәдімгі Алматының апортына айналып шығады. 1913 жылы сол Романовтар әулетінің 300 жылдық торқалы тойына апаратын алмалар осылардың жемісі еді. Алматының апорты мақтаныш үшін, әрине, өте керемет жеміс. Басқа жақта дәл бұлай өспейді. Бірақ шындығын айтқанда, оны күтіп-баптаудың қиындықтары өте көп. Оның толыққанды жеміс беруі үшін белгілі бір шарттары мен тәртіптері бар.

Ол, біріншіден, биік таудың басында, белгілі бір өзіне тән биіктікте өскенде ғана нағыз апорт бола алады. Оның топырақты тез арада құнарсыздандырып тастайтын қасиеті тағы бар. Апортты өсіру үшін осының бәрін ойластырып отырмаса, түрі ұқсағанмен, өзі нағыз апорт болып шыға қоймайды. Шетелдердің ғалымдары апортқа емес, біздегі жабайы алманың сорттарына, соның тұқымына қатты қызығады. Өйткені, өзін-өзі жаңартып, жасартып, жетілдіріп отыратын алмалар. Ыстыққа шыдамды, суыққа төзімді, оның үстіне алманың жаңа сорттарын алуға өте қолайлы. Мысалы, Американың Канадамен екі арасындағы Невада штатының табиғаты аса қолайлы аймақ емес, суық жер. 43–45 градусқа дейін суық болатын аймақ өзі. Сол жерге біздің алмамызды апарып егіп еді, біздің алмамыз өте мықты болып шықты. Жалпы, жаңа сорттар алу үшін будандастыру мақсатында да біздің жабайы алмамыздың тұқымына қызығып жүрген ел көп, – деді өз саласына қарай көбірек ден қойған академик Аймақ Жанғалиев.

Әр нәрсенің өз уақыты болады. Шетел ғалымдарын қазір апорт алмасы емес, жабайы алма қызықтыра бастады. Өйткені, апорттың арғы атасы – жабайы алма. Мәселен, Америка ғалымдарының он екі жылға шарт жасасып, жабайы алма тұқымын сақтап қалу үшін 3 миллион доллар қаржы бөлуінің өзі осының айғағы. Бұл – алма тарихы одан ары жалғаса береді деген сөз.

Ә.ИСЛАМХАНҰЛЫ.



■ ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ӘННІҢ ДЕ ЕСТІСІ БАР, ЕСЕРІ БАР немесе бүгінгі музыканың бағыты қалай?

Қазір ән тындамайтын адам жоқ. Қалауыңызға қарай таңдайсыз. Бүгінгі тілмен айтқанда – хит көп. Десек те, хайп пен айыпты ажырататын уақыт жетті. Әйтпесе, опық жегізетін түрі бар.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Халық арасында өнер арзандап кетті. Есті әуен қалмады деп айтатындар көбейді. Әрине, бәріне бірдей жағу қиын. Әркімнің өз ойлағаны бар. Дейтұрғанмен, ән өнерінің хал-қадірі өзгеріп барады. Той-думан, ойын-сауық, көңіл көтеру кештеріндегі сәттерді назарға алайық. Баршасы сенсация кұған. Бір-бірінен асырып шығаратын болған. Осы төңіректе түрлі ой-пікірлер бұрыннан санада жүрген еді. Осыны талдап, жіктеп, жүйелеп жазуды жөн көреміз.

Өлеңмен өрнектелген өмір

Данышпан Абай ағамыз «Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» деп баға беріпті. Қазақ халқы әннің құдіретін әу бастан жете түсінген. Ғұмыр-тіршілігін өлеңмен өрнектеген.

Адам баласы қолы қалт еткенде тынығуға, өз-өзіне жайлы орын табуға құштар. Өйткені, күнделікті қым-қуыт тіршілік еңсені басады. Бұның бәрі өз әсерін көңіл күйге тигізбей қоймасы анық. Сондықтан мейлінше осы жағын реттеген абзал.

Адам әрдайым өткенді аңсайды. Себебі, Тұран дала ән мен жырға бай. Бұл туралы XIX ғасырдағы этнограф-ғалым Григорий Потанин «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» деген екен. XX ғасырдағы көрнекті музыка зерттеушісі Александр Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні» музыкалық-этнографиялық жинағын құрастырған. Жалпы аталған тізімді ұзарта беруге болады.

Қанша дегенмен, «өнер көзі – халықта» деген сөз бекер емес-ті. Абылай ханның өзі 20 күй шығарыпты. Иманжүсіп Құтпанұлында «Ерейментау», «Сарыбел», Балуан шолакта «Ғалия», «Көкшетау» әндері әлі күнге дейін халықтың жадында сақталған. Өздері балуандықпен қатар, өнерден құралақан болмаған. Осының құпия сыры бар. Мұнда ел-жұрттың сол дәуірдегі мұңы сипатталған. Отарлау саясатының озбыр тірліктерін ашып жырлайды. Біржан сал, Ақан сері, Сегіз сері, бәрі-бәрі елдің басындағы мұң-шерді өлеңге қосқан. Қарабастың қамын былай қойып, басын бәйгеге тігеді. Патша өкіметінен қуғын көреді. Арқадан Жетісуға, арысы бетпақтың шөліне дейін айдауда болады.

Алайда, халқының мүддесін, көзқарасын, ұлттық рухын төмендетпейді. Соның арқасында халқымыздың көрнекті тұлғаларына айналды. Этно-фольклорлық мұраларымыздың қатары артты. Қазақ мәдениеті жандана түсті. Осыдан-ақ елдің өнері ел арасында сақталатынына куә боламыз.

Осы күнгі ән өнерін зерттеуші ғалымдар бір нәрсеге қайран қалып келеді. Тіпті, қарапайым жұрттың өзі де таңданатын болар. Есте жоқ ескі заманда өнерді бағалап,

ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Бәрі ауызша тараған. Содан «құйма құлақ» термині қалыптасқан. Қазақ ән-күйге етене жақын. Қуаныш пен қайғыны өлеңмен өре білген. Әндетіп, жүрген жерін думандатып өмір сүрген. Бес күн жалғанда мұңға берілмеген. Абай ағамыз «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денен» депті. Осының өзі тіршілік атаулы өлеңмен біте қайнаскандығын аңғартып тұр.

Домбыра тарту, сыбызғы ойнау, қобызбен күй орындау, дауылпаз қағу, жетіген шерту, саз-сырнаиды әуелету, баршасы сондай үйлесімді. Адамға сондай жағымды естіледі. Тындап отырған жұрттың әуесі кетеді. Пенде бойындағы олқылық, кем-кетік, дүниеге жаңаша көзқарас, шіркін жастық шақ және т.б. тақырыптарды қамтиды. Сонысымен құнды, мән-мағыналы болған.

Караоке неге қазақша емес?

Заман түзелген соң ба, кез келген отырыста ән айтылмай өтпейді. Жиын болса караоке-барда жасайды. Осылайша тіршілік тауқыметінен қол үзіп, ми тынықтырғысы келеді. Мұнда да мәселе шаш-етектен.

Қазір қатарлас, дос-жаран, құрбы-құрдас жиі бас қосады. Өздерінше көңіл көтеретін жерді іздейді. Тойхана 15–20 адамға қолайсыз. Кафе бар болғаны 2-3 кісіге шақталған. Сондықтан көбісі тәтті тағамнан дәм татып, сусын ішіп, ән салғанды ұнатады. Ол үшін таптырмас орын, ол – караоке.

Негізі көптеген караоке-бар орындарын көрдік. Сонда бір байқағанымызды айтайық. Иә, барлығының іші-сырты жалтырап тұр. Алайда, ән салғанда көңіліңіз су сепкендей басылады. Шетелдік әндердің арғы беті бейнебаянмен әспеттелген. Музыкасы көркем. Бәрі-бәрі тамаша. Ал қазақша әндер оңбай қалған. Бірінің даусы жөнді басылса, ендігісі естілмейді. Экрандағы фон, микрофонға үйлеспейді. Содан соң ешкім қазақша музыкаға құмартпайды.

Қазақ елінде өзіміздің ұлттық әндердің құдіреті күшеюі керек. Өлгі айтылған кем-кетіктер түзелуі қажет. Заманға сай әрленуі шарт. Осыған жауаптылар дер уағында құлақ асса екен.

Айқайлағанның бәрі әнші емес

Әр адамның музыкаға әуестігі әртүрлі, сан қырлы болып келеді. Бірқатары рок, джаз, келесісі лирикалық баяу әуендерді ұнатса, ендігісі рэп тындағанды жөн санайды. Талғамға талас жоқ деген осы.

Былай қарағанда, бәрі әнді сүйіп тындауы шарт емес. Әуенді халыққа жағымды ететін, ол – әнші. Соның қимылына, даусына, жеткізуіне қарап сүйсіну басталады.

Ел арасында «Ән – көңілдің ажары» деген сөз бар. Шынында солай. Қазіргілердің талғамы мүлдем өзгерген сыңайлы. Оны өзгерткен өзіміз. Яғни әнші әмбебап болып алды. Қаржыны үнемдеп ақынға мәтін жаздырмайды. Сазгерге ақша шығындап, әуенін қойдырып алғысы келмейді. Себебін сұрай қалсаң, қалта көтермейтінін айтады. Өйтеуір уәжі бітпейді. Сөйтеді де, алдындағы компьютеріне жүгінеді. Ғаламторды ашып қалсаңыз, бәрі дайын. Бойында титімдей өнерге ебі бар адам іліп алып кете алады. Тірі дауыстың қажеті жоқ. Әнді ырғаққа салады, ұнтаспаға жазылады. Онысын түрлі сайттардағы қосымшалармен түзейді.

Міне, бір ән осылай дүниеге келе салады. Интернетке жүктейді. YouTube, Instagram, WhatsApp арқылы бір-біріне

таратады. Қысқаша анонс беріп қояды. Неғұрлым көп қаралса, смартфондарға жүктелсе, рейтинг артты деген сөз. Осылайша хит туады. Жақсы, керемет, жағымдылары да баршылық. Бірақ олардың саны аз. Кілең даңғырақ, бақ-шақ еткен немесе жылаңқы нәрсе жұртты шатастырады. Осыдан өнердің құны төмендеуі мүмкін. Мұны мүйізі қарағайдай маркасқалар мәселе етіп көтеріп келеді. Әзірге сен қозғалатын түрі жоқ.

Осы күні ең танымал ән – хит. Оған арнайы халықаралық терминді әлеуметтік желі қолданушылары берген сияқты. Бұрынғыдай «рок», «джаз», «рэп» деп аса бір жанрға бөліне бермейді. Себебі, баршасы бір арнаға тоғысқан. Басы рэп болып басталып, аяғы медляк болып жалғаса береді. Тіпті, ұлттық музыканы заманауи ырғаққа салып жатады. Өңдеп, әрлеп, бояуын қоюлатады. Содан кейін жұрт іздеп тыңдайтын танымалдылыққа алып барады.

Осыдан бірнеше жыл бұрын 3-4 сөйлемнен тұратын әндер шықты. Сөзін 56 рет қайталайтын көрінеді. Атын атап, түсін түстеудің жөні болмас. Осындай оғаш, бір сөз ондаған мәрте қайталанса жүйкеге тиеді. Алайда, соны да тыңдайтындар бар екен. Одан кейін түсініксіз тілде ән айтатындар шықты. Не ағылшын, не африкандық тілге ұқсамайды. Одан соң ән бастан-аяқ қазақша орындалмайтын күйге жетті. Басы қазақ тілінде, ортасы орысша, соңы ағылшыншамен тынады. Өлдебір орындаушылардың ұсқыны, киім-кию стилі мың құбылып кеткен. Кейбірі шетелге еліктеп, төсін жарқыратып, әуретті жерін көрсетіп, денесіне тату салады. Қыз еркекше өкіріп, ұл қызша сызылтып ән салатын болды. Айтсаң – айып, айтпасаң – хайп. Мұның түбі немен бітер екен. Алаңдаймыз!

Тыңдауына қарап – кісіні таны

Екінің бірінің қолында смартфоны бар.

Теледидардан арнайы музыкалық арналар шықты. Ала таңнан қара кешке дейін бейнебаян үзілмейді. Көбісі көлікте радио тыңдайды. Баршасында түрлі ән беріледі. Бірақ не тыңдап, нені қорытып жүрміз, бұл жағы басы ашық сұраққа айналды.

Сәл зер салып қарасаңыз, ән мәнін ұғыну түк те қиын емес. Тіпті, оңай. Мәселенки, әлгінде айтқандай, тез ырғақты, тарс-гүрс еткенді жуас мінезді, жайбасар жандардың тыңдамасы айқын. Әрбіреудің жан-дүниесін ән арқылы ұғынуға болады. Әрине, бұл адамның барлығы сондай дегенді білдіре қоймас. Әйтсе де, әркімнің өз болмысы, табиғаты бар.

Қоғамда адамдар әртүрлі. Мінез-құлқы да сан алуан. Десе де, ессіз, жын-ойнақ әндер жастардың санасын бұзып бітті. Ән тындаған осы екен деп ойлап жүр көбісі. Негізі олай емес. Құлаққап дейтін құрылғыны тақпайтын жан жоқ болар. Метро, автобус, троллейбуста көп қолданамыз. Мақсатымыз – уақыт өткізу, барар жерге тез жету. Сөйтіп, күніге 15–20 әнді қайталап естиміз. Содан құлақ жауыр болады. Видеосын көруден жалықпаймыз. Үй жинағанда да сергіту үшін қосып қоямыз. Жиі-жиі тындап ақыры жалығып, содан соң жаңа дүниені іздеу осындайдан басталады. Айтпақшы, Англия жұртының 60%-ы құлақ ауруына душар болыпты. Бұлай кете берсе, ми кеуіп, меніреулер көбеюі бек мүмкін.

Тойдағы әуендерге мән берейік

Той – қазақтың қазынасы. Оған ешкім таласпас.

Алайда, тойда орындалатын музыкаға мән беретін уақыт болды. Ендігі кезекте етек-жеңімізді жинамасақ, далақбайлықтан бас тартпасақ, арты қиынға соғуы ықтимал.

Ән – құдіретті өнер. Оны жүрекпен сезіну қажет. Қажетсіз, миды ауыртатын дүние қаптап кетті. Әрбіріміз той-жиынға барамыз. Онда шоу көргіміз келеді. Күйеу жігіт пен қалыңдық – ханзада мен ханшайымдай. Жұрттың бәрі ду қол шапалақтайды. Жұртты жылатып, ес-ақылды алып еңірететін мұңлы әндер шықты. Құдды бір жоқтау айтылғандай естіледі. Сондай жылап-сықтаулар Қыз ұзату тойында көбейіп кетті. Қыз бұрынғыдай айшылық алыс жерге, көз көрмес, құлақ естімес мекенге бармайды. Барса да, әлеуметтік желімен сәт сайын керек адамына хабарласып отыр. Алматыда отырып Американың жайын біліп жатыр. Сондықтан ретсіз, жөнсіз, тойды жын-ойнаққа айналдыруды да қою қажет. Даңғырлаған, санқылдаған музыка, оғаш би кімге керек. Жас пен кәрі бірдей құтырады. Ұят қалды. Атасы мен келіні, енесі мен күйеу баласы жарысып би билейді. Осыны тыймасақ, үлкен-кішінің мәртебесіне нұқсан келеді.

Бүгінде әнші боламын деушілер де әуелі сахнаға емес, тойханаға арнап ән жаздырады. Биге ыңғайы кетпейтін ән жоқ болып тұр. Өйткені, нарықтық заманда әркімнің пұл табуға қақысы бар дейді. Бұл кез келгеннің – уәжі. Онда киелі өнердің құны көк тиын болып қалмай ма? Өлбетте, той әндері болсын. Оған дауласпаймыз. Дегенмен, шынайы өнердің деңгейін құлдыратпайық.

● ТҮЙІН:

Заман өзгерді. Адам бұған бейімделді. Бұрынғыны ұмыта бастадық. Тек жаһандану процесін құптайтын болдық. Тіпті, баяғы ескі әндерді әрлеумен әлекпіз. Ремикс арқылы мың құбылтамыз. Бұның дұрыс-бұрыстығын уақыт анықтар. Бәріміз ауыз жыбырлатып ән айтуға әуеспіз. Дауысы бар да, жоқ та сарнайды. Баршасы жұлдыз болуға құштар. Шын талант тасада қалып барады. Ауыл-аймақта нағыз дарабоздар жүр. Оларға бұрын «Әнші балапан» дейтін конкурс болатын. Бүгінде оның атын естімейміз. Бір кездері «Азия дауысы» байқауы өтетін. Сөйтіп, ішінен үздіктері суырылып шығатын. Олар елге танылып, атактары жер жаратын. Қазір олай ешкім зурелнбейді. Әділқазының бағасына да мұқтаж емес. Одан да ғаламтор арқылы танылуды дұрыс көреді. Сын-ескертпеге көңіл бұрмайды. Кеткен кемшілікті дер уақытында түзеу керек қой. Музыка – құдіретті күш.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің
2023 жылғы 5 шілдесіндегі №06 шешімі
Алматы қаласы Әділет Департаментінде
2023 жылдың 10 шілдесінде №1727 болып тіркелген

Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2018 жылғы 26 наурыздағы «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» №02 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қаласы Бостандық ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2018 жылғы 26 наурыздағы «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» №02 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1465 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.АЛИН

ҚАУІПСІЗДІК

Кинологтар тексеру жүргізді

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде, яғни жасөспірімдер колониясында «Допинг» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті.



Жоспардан тыс тінту жұмыстарын мекеме өкілдері ҚР Ішкі істер министрлігінің кинология орталығы мен ПД Есірткіге қарсы күрес басқармасымен бірлесе отырып жүргізді. Аға жедел уәкіл полиция подполковнигі Р.Рамазан, инспектор-кинологтар К.Әмірханов пен М.Жұмағали, сондай-ақ №11 мекеменің режим және күзет бөлімінің инспекторы, әділет лейтенанты А.Рахимжан мен жедел

топтың аға жедел уәкілі, әділет майоры Н.Жиенбеков, т.б. қатысты. «Допингке» арнайы дайындалған иттер де қатысты. Жедел-профилактикалық іс-шараның мақсаты – қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тыйым салынған заттардың мекеме аумағына өтуіне жол бермеу және мекеме ішіндегі тәртіпті қатаң қадағалап, бақылауда ұстау.

Нұр ЖАМАЛ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Уақытша су болмайды

20 шілде күні сағат 9.00–ден 20.00–ге дейін Алматы ауданындағы Мақатаев – Чайковский – Райымбек – Наурызбай батыр көшелерінің контурында; Жетісу ауданындағы Райымбек–Желтоқсан көшелерінің, теміржолдар, Коммунальная көшелері шаршысында орналасқан тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттарға суық су беру уақытша тоқтатылады.



Аталған секторлардағы тұтынушыларды суық судан уақытша ажырату, сумен жабдықтау желілері мен нысандарындағы жоспарлы жөндеу жұмыстарын орындаумен байланысты.

«Алматы Су» МКК мамандары уақытша келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұрайды. Анықтама телефоны: +7 (727) 274-66-66.

Қ.ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ШЕШІМ

Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2023 жылғы 13 шілдедегі №2 шешімі

Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2018 жылғы 19 наурыздағы «Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы» №2 шешімінің күші жою туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қаласы Әуезов ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2018 жылғы 19 наурыздағы «Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы» №2 шешімінің (Алматы қаласы Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 сәуірде №1460 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.ЕГЕМБЕРДИЕВ

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтобе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қазақ есепшілері күннің түнге қатысты ұзару, қысқару құбылыстарын Үркер топ жұлдызына қарап есептеген. Күн желтоқсанда – торғай адым, қаңтарда – қарға адым, ақпанда – ат адым ұзарса, шілдеде – шіл адым қысқартатынын анықтаған. Қазақ күнтізбесінде уақыт есебінің Үркер шоқжұлдызы бойынша жүргізілетін жүйесін тоғыс есебі деп атайды.

Үркердің қазақ астрономиясында маңызы зор. Қазақтың тоғыс есебінің өзі ай санау есебі тәрізді нәрсе. Үркер көтерілген соң мал көтеріледі, егін көтеріледі, қозы-лақ көтеріледі. Осы кезде солтүстік өңірлерде бидай көтеріліп, дән байлайды. Көтерілген мал семіреді, қозы-лақ союға жарайды.

Иә, сонымен көптен толғатып жатқан жеті шоқ жұлдызынан тұратын Үркер туды. Алдағы уақытта күн райының бірте-бірте салқиндай беретін кезі басталды.

«САРША» АМАЛЫ

Жеті жұлдызды Үркер туды.

Енді жылылық ақырын-ақырын жылыстай береді

Мұны шартты түрде жеті жұлдыз деп отырмыз. Қазір астрономия ғылымы Үркердің үш жүзден астам немесе одан да көп жұлдыз шоғыры екенін анықтады. Көзге көрінетін алтауы да немесе жетеуі де үлкен-үлкен күн тәрізді жұлдыздар. Солардың ішінде сарғыш нұр шашатын күннен бірнеше есе үлкен жұлдыз бар. Сақылдаған сары аязды қыста тас төбеге шығып, сарғыш нұр шашып жарқырып тұратын сол жұлдыз екен.

Жоғарыда айтқанымыздай, Үркер суықтың, салқындықтың белгісі. Үркер мен айдың жүру бағыты ұқсас, екеуі де шығыстан батысқа қарай жылжиды. Үркер әр айда бір рет айдан озып шығып отырады. Әрі бір рет бір аумаққа келіп, Аймен қатарласады. Мұны айдың тоғауы дейді. Осыдан айдың тоғыс есебі шыққан. Бұл әр айдың тақ күніне тура келіп отырған.

...Сонымен, Үркер көкке көтеріліп бара жатыр. Үркерге қарап ауа райын болжаушылар үшін бұл бір сәтті кез. Өйткені, көбінде ауа райын Үркер мен ай тоғысына қарай айырады. Үркердің әр жарық жұлдызбен тоғысуы да ауа райына ықпал жасайды. Үркер аса тез, шапшаң жүретін жұлдыздар тобы.

Осы амалға қатысты мынандай аңыз-әңгіме де бар (бұрындары да жазған болуымыз керек): ертеде аспанда он екі Үркер тұрып, үнемі қыс болып, жаз болмайды екен. Жан-жануарлар қатты қиналғандықтан, Жаратушы Иеміз бір жылы он екі Үркерді жерге түсіріп, жануарларға Үркерді қайта аспанға шығармай қоюға ерік береді. Түйе

үлкен табанымен Үркерді баспақшы болғанда, сиыр онан бұрын ұмтылып баса қалады да, тұяғының арасынан алты Үркер аспанға шығып кетеді. Алты ай жаз, алты ай қыс осыдан қалыпты дейді. Әлі күнге жануарлар «шіркін, сонда Үркер сиырдың жырық тұяғының астына түспей, түйенің саңлауы жоқ табанының астына түскенде, өмірі қыс дегенді білмес едік-ау» деп армандайтын көрінеді...

Шілденің соңғы онкүндігі басталды. Алдымызда – Тамыз айы. Тамыз сөзі қазақ тілінде «сары» деген мағынаны білдіреді екен. Қазекен бұл айды «сарша тамыз» деп те атайды. Сары сарша – сарғаю, жердің құрғап, өсімдіктердің сарғаятын кезі. Тамызда егін піседі. Мал-жанға жайлы жаңбыр жауады... Ары қарай Таразы туады, ауа райы салқын тартып, күз нышаны білінеді. Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, шілденің 20-сы. Ай есебімен жаңа айдың 2-сі. Қазақша тұжырымға сүйенсек, осы айдың 7-сі. Алдағы аптада: (20–26 шілде аралығында) күннің қызуы қайтып, ептеп жаңбыр көрініс береді. Бұл күн салқиндайды, күз келді деген сөз емес. Жалындай шарпып, оттай қаритын кездер бар алда...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Жазға арналған жорамал:

- * Кұйын көп болса, қыс аязды болады.
- * Найзағайлы болса, қыс жайлы болады.
- * Бүгінгі аңызак – қыстағы аяздың белгісі.
- * Бұлт желге қарсы көшетін болса, ұзамай жаңбыр жауады.
- * Өліара жазда жауын-шашын болса, қыс боранды, шаруаға жайсыз болады.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

ӘЛИЯ

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

...Кеше Әлиянікіне бардық. Әбден ауру мендеген жүзі сынық, солғын.

– Аяғың қалай, жақсы ма? – деді құрбысы Гүлім.

– Иә, жақсы. Өздерің қалайсындар? Арман қалай? Отын-суларыңды қамдап алдыңдар ма? – деді бәсең үнмен Әлия.

Кандай сабырлы да төзімді жан еді! Хәлін сұрап қашан барсақ та, сол салмақты, бірқалыпты қалпынан еш танған емес. Неткен күш-жігер! Иә, ұзаққа созылған дертінен қалақтай ғана болып қалған Әлияның бойынан байқалған ерекше бір қасиеті – төзімділігі, қала берді қайсарлығы. «Аяғың қалай?» дегеннен-ақ басқа біреу болса «Құрысын, түнімен ұйықтатпайды, қақсап шығады. Аяқ бір жағынан, күйеу екінші жағынан, жанымды жегідей жеп бітетін болды», – деп, әрі қарай бүкіл проблемасын тізбелей жөнелер ме еді. Әлде тағдырына мойынсұнғаны, көндіккені ме бұл? Бәлкім, әйелді киюі қашқан отбасының тірлігі, екінші жағынан жазылмас дерті қайсарландырып жіберген бе?.. Барлық қиындықтан жеңілген сыңайлы дейін десен, жоқ, аузынан қатты күйінген сөз шықпайды. Тағдыр да ауыр сынағын көтере алатын адамға береді дегені рас болды-ау.

...Күйеуі әдеттегідей тағы ішіп келді. «Тамақ бар ма?», – деді қолын да жумастан үстел басына отырып жатып.

«Неге үндемейсің, жақтырмай отырсың ба?», – деп Әлияны бүйірін тесердей сұқ саусағымен аяусыз нұқып-нұқып қалды. Күндегі әдеті осы. Екі ұлдың да әбден мазасын алып бітті. Әдеттегідей Асқар мен Асхат бүгін де аузы лас әкенің қаһарынан тайсақтап, терезе алдында үнсіз, жаны жадап отырған Әлияның бауырына тығылды.

– Бізге маза берші, Мұрат. Тамағыңды жылытып қойдым, іш те демалғын, – деді өзін сабырлы ұстауға тырысқан Әлия.

– Ішпеймін тамағыңды! – деп ақырып қалды Мұрат. – Жоқ, сен неге тырысып тұрсын, әй? Әлде, кеше мен шөлмекке айырбастап жіберген хрусталь вазанды жоқтап тұрмысың? Дүниеқоңыздығын кара мұның! Кезінде мен тапқанмын бұл мүліктерді. Сондықтан да не істесем де өзім білемін. Ұқтың ба? Вот так, вот!

Мұрат былш еткізіп еденге түкіре салды.

– Ақырғанның бәрі арыстан емес, қу жаныма тыныштық берші. Басқа ешнәрсе сұрамаймын сенен, Мұрат, – деді таусыла, әуелден көп сөзге жөк Әлия қысқа қайырып. Сөйтті де, екі жағында үрпиісе тұрып қалған ұлдарын жетектей шығар есікке беттеді.

– Мұның мақалшылын, тілің шығайын деген екен, – деп ақырып соңынан жетіп келген күйеуі халатының жағасынан бүре ұстап алған күйі төр жаққа қарай қаңбақ құрлы көрместен лақтырып жіберді



Әлияны. Араққа сылқия тойып алып, екі аяғынан әзер тұрған күйеуінен нәп-нәзік Әлия мұндай жойқын күшті күтпеген еді. Соңадайға төңкеріліп түскен ескі темір орындықтың аяғына бар екпінімен қатты соғылды. Аяқ тұсының шым еткенін біледі, бірақ әрі қарай басы айналып, не болғанын ұқпай қалды. Есін жиса, оң аяғы қан-жоса. Ауырғаны жанына аз ғана бататын сияқты. Ботадай боздап отырған екі баласының басынан сипай берді.

«Жазым деген аякастынан» деп отырушы еді үлкендер. Иә, сол оқиғадан кейін өмірлік мүгедек болып қаларын Әлияның өзі де білмеді. Әуелгіде аяғынан қан тоқтамай қойған соң өз бетінше түрлі дәрілер жағып, таңып тастап жүрді. Кейін ісініп, іріңдеп, солқылдатып, танды көз ілмей атыратын хәлге жетті. Сөйтсе, орындықтың темірі кірш етіп кірген кезде, аяғының сүйегі зақымданған екен. Дәрігерлер аяғыңды кесу керек деп шешті. Бірақ екі бала да жас, олардың күні не болады деген оймен Әлия келісім бермеді. Әлі-ақ жүріп кетемін деген

үмітін де үзгісі келмеді. Ол небәрі отыз жаста еді.

Ал қазір қос балдаққа тәуелді болып қалған. Сырттан кішкентай Асхат:

– Мама, нан жеймін, – деп арсалаңдай кірді. Қайғы-мұң дегенді әлі сезіне қоймаған қайран таза көңілді періштем-ай! Аяқкиімін шешпестен жүгіріп келіп, дастархан шетінде тұрған нанның ұнтағын жеңімен сыпырып өтіп бір жапырақ нанды аузына жұмырлай тығып кетіп барады, сыртқа, ойнауға. Ал ерте есейген Асқары, тұңғышы жерге төгілген нан ұнтағын дереу теріп алып жатыр...

...Бұл осыдан 25 жылғы оқиға болатын. Көшеден балдақты әйелді көріп, есіме түсіп кеткені. Әлиялар «Көк базар» жақта тұратын-ды. Бар ма екен өзі?.. Асқар мен Асхат бүгінде дәу жігіт болып, анасын бағып-қағып отырған шығар. Соған сенгім келеді...